



# Almaty

## AQSHAMY



ТЕҢҚҰҚЫЛЫҚ пен  
ПРАГМАТИЗМ

3

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №59-60 (6622) 1 шілде, сейсенбі, 2025 жыл. | [www.aqshamnews.kz](http://www.aqshamnews.kz)

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

# СУ – ӨМІРДІҢ КӨЗІ

Жобалар уақытында аяқталып, барлық стандартқа сай болуы керек

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды шаһардың инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын аралап, жарықтандыру жүйесін, сумен қамтамасыз ету жобаларын және қоғамдық кеңістіктерді жаңарту барысымен танысты. Қала орталығы мен тұрғын аудандарда атқарылып жатқан жұмыстар – мегаполистің өмір сапасын арттыруға, қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Жұмыс сапары барысында әкім нақты мерзімдер мен сапа стандарттарын қатаң бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.

2



МЕГАПОЛИС

# ҮЗДІК ТУРИСТІК БАҒЫТ

Алматының халықаралық аренадағы танымалдылығы артып келеді

2025 жылдың алғашқы тоқсанында Алматыға келген туристер саны айтарлықтай артты. Алматы қаласы Туризм басқармасының хабарлауынша, мегаполиске 496 944 адам саяхаттап келген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,9%-ға көп.



Күралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыға әсіресе, шетелдік қонақтардың қызығушылығы ерекше. Олардың саны бір жылда 18%-ға өскен. 2024 жылы алғашқы тоқсанда 122 859 шетелдік турист келсе, биыл бұл көрсеткіш 145 058 адамға жеткен. Туристер легі Үндістаннан (+73,4%), Қытайдан (+39,3%), Түркиядан (+24%), Біріккен Араб Әмірліктерінен (+47,8%) және Малайзиядан (өсім – 5,7 есе) келген қонақтар есебінен күрт өскен. Бұл Алматының халықаралық аренада танымалдылығы артып келе жатқанын көрсетеді.

Қаланың жаһандық туризм картасындағы орны да айқындала түсті. 2025 жылы CNN Алматыны үздік туристік бағыттар қатарына қосты, ал Booking.com оны жылдың ең танымал қалаларының бірі ретінде таныды.

Алматы әлемдік туристік кеңістікте ерекше орны бар қала ретінде танылып келеді. Тұмса табиғат, терең тарихи-мәдени мұра, заманауи инфрақұрылым мен қазақ халқының қонақжайлығы бұл шаһарды өзгелерден даралап тұр.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



[www.aqshamnews.kz](http://www.aqshamnews.kz)





Дархан САТЫБАЛДЫ:

# СУ – ӨМІРДІҢ КӨЗІ

Жобалар уақытында аяқталып,  
барлық стандартқа сай болуы керек

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

## Көше жарығы – қауіпсіздік кепілі

Қала басшысы кешкі уақытта Абай және Сейфуллин даңғылдары, Әйтиев көшесі мен Қазақ мемлекеттік циркі алдындағы алаңды аралап, жарықтандыру жүйесінің жағдайымен танысты.

Энергетика және сумен қамтамасыз ету басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрбақыт Серікбайдың айтуынша, ағаштың жапырағымен көлеңкеленетін аумақтарды жарықтандыру мақсатында қала көшелерінде ұзындығы 4 метрге дейін жететін кронштейндер орнатылып жатыр. Бұл шешім түнгі қозғалыс қауіпсіздігін арттырып, жарықты біркелкі түсіруге мүмкіндік береді.

– Абай даңғылының бойында ғана 293 кронштейн мен 634 заманауи жарық шамы орнатылды. Аллея бойындағы ағаштарды қосымша жарықтандыру үшін 253 прожектор қойылды, – деді «Алматы Қала Жарық» директоры Игорь Мысик.

Сейфуллин даңғылында байланыс тіректеріне 18 кронштейн мен 36 шам орнатылды. Қазақ циркі алдындағы пилоттық жобада 15 жарық тірегі, 18 кронштейн және 450 метр кабель жаңартылған. Бұл жұмыстар арнайы әзірленген шебер жоспар аясында жүргізілуде.

«Жұмыс қашан басталды, қашан аяқталады және нәтижесі қандай болмақ дегендей маған нақты құжат керек. Атқарылған және алдағы жұмыстардың жай-күйін бағалау үшін барлығы көрнекі көрсетілген нақты графикті көргім келеді», – деді қала әкімі.

Дархан Сатыбалды жұмыстың әр

кезеңі сапалы, қауіпсіздік талаптарына сай және қала келбетін сақтай отырып орындалуы тиіс екенін қадап айтты.

## Қоғамдық кеңістіктер – қала мәдениетінің айнасы

Жұмыс сапары барысында шаһар басшысы Алмалы және Медеу ауданда-рындағы бірқатар маңызды инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарының жағдайымен танысты.

Панфилов көшесіндегі абаттандыру жұмыстары аяқталып, жаңа жарық шамдары, балалар және спорт алаңдары, қолөнершілер павильондары, «Визит-орталық» және «Полиция» модульдері орнатылды. Жасыл желек 3800 ш.м. кеңейтіліп, 13 мыңнан астам көпжылдық өсімдіктер, 45 ағаш отырғызылды. Сондай-ақ, Жібек жолы даңғылындағы Арбат аймағын қайта жаңарту жобасы таныстырылды. Жобада интерактивті жарықтандыру, заманауи демалыс орындары мен кең көгалдандыру көзделген.

«Орнатылған барлық нысан бірыңғай архитектуралық стильге сәйкес келуі керек. Біз үздік халықаралық тәжірибелерді қолданып, сапалы қоғамдық кеңістіктер санын ұлғайтуға тиіспіз», – деді Дархан Сатыбалды.

## Сапа қатаң бақылауда

Қала басшысы мегаполисті сумен қамтамасыз етуге арналған маңызды нысандарды да аралады. Басты су тазарту құрылғылары 2015 жылы реконструкциядан өткен. Бұл станция қала халқының шамамен 20%-ын сумен қамтамасыз етіп отыр.

«Таужолы» шағынауданындағы су тарту станциясының құрылысы 2025 жылдың қарашасында аяқталады. Жоба Наурызбай және ішінара Қарасай аудандарының 100 мыңнан астам тұрғы-



нына таза ауызсу жеткізуге мүмкіндік береді.

«Су – өмірдің көзі. Сондықтан мұндай жобалар уақытында аяқталып, барлық стандарттарға сай болуы керек», – деді әкім.

«Нұрлытау» шағынауданында су дайындау кешені мен су қысымын арттыруға арналған сорғы станциясының құрылысы жүріп жатыр. Бұл жоба «Нұр Алатау», «Ерменсай», «Ремизовка», «Ақтөбе» және басқа да шағынаудандардың 45 мыңнан астам тұрғынын сумен қамтуды жақсартуға бағытталған. Әкім жұмыс қарқынын күшейтіп, нысан-

ды 2026 жылдың жаз маусымының соңына дейін аяқтауды тапсырды.

«Сумен қамтамасыз ету – ерекше бақылауда. Қала өсіп келеді, сондықтан Алматының ауқымына сай қосымша қуат көздері қажет», – деді әкім.

Жұмыс сапарының соңында қала басшысы «Нұр Алатау» шағынауданында салынып жатқан резервтік гидротехникалық нысанда болды. Бұл жоба қаланың сумен жабдықтау жүйесінің шарықтау кезеңдеріндегі тұрақтылығын арттырып, бүкіл инфрақұрылымның сенімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

## БРИФИНГ

# АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Алматылық тұтынушыларға шамамен 285 млн. теңге қайтарылды

Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті жыл басынан бері 2800 азаматтық шағымды қараған. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында департамент басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев осылай деді.

Нұржамал  
ӘЛІШ

Соның нәтижесінде тұтынушыларға 284 892 085 теңге қайтарылды. Жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, 55 әкімшілік айыппұл салынған.

«Тауарды айырбастап бермеу мен қайтарудан бас тарту, сондай-ақ 10 күндік мерзімде шағымға жауап берілмеуі бойынша көптеген шағым түскен. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар өнімдерге үстеме бағаны заңсыз қосу деректері жиі анықталған», – деп атап өтті Нұрлан Әбдиев.

Шағымдардың басым бөлігі бөлшек сауда мен электронды сауда салаларынан түскен. Ал тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы шағымдарға қатысты департамент жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мәселе-

лерді жедел шешу жолдарын ұсынып келеді.

Тұрмыстық қызмет көрсету саласында да тұтынушылар сапасыз қызметке жиі тап болады. Мұндай жағдайда департамент түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сотқа дейін шағым жазуға көмектеседі және сот процестеріне үшінші тұлға ретінде қатысады.

Спикер сондай-ақ 2025 жылдың 13 наурызынан бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер енгізілгенін хабарлады. Бұл өзгерістер департаменттің өкілеттігін кеңейтті. Қазіргі уақытта мемлекеттік орган аталған кодекстің 157, 190 және 193-баптары бойынша әкімшілік істерді қарап жатыр. 190-баптың 5-бөлігіне сәйкес, тұтынушылардың құқығы туралы ақпараттың болмауы, шағымдарға кеш жауап берілуі және ақшаның уақытылы қайтарылмауы сияқты заңбұзушылықтар үшін салынатын айыппұл мөлшері: шағын бизнеске – 10 АЕК, орта бизнеске – 15 АЕК, ірі бизнеске – 25 АЕК.

Департамент жұмысының негізгі бағыттарының бірі – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға түзу кезінде делдалдықпен күресу. Осы тоқсанда комиссияның 12 отырысы өтіп, 268 заңбұзушылық анықталып, 235 әкімшілік хаттама толтырылған.

## КӘСІПКЕРЛІК

# КӨМЕК пен ҚОЛДАУ

«Даму» қоры биыл қаладағы 500-ден астам жобаны қаржыландырды

«Даму» қоры кәсіпкерлерді қаржылай қолдау бағдарламаларын іске асыруды жалғастырып, Қазақстандағы шағын және орта бизнестің өркендеуіне елеулі үлес қосып келеді.

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз конференциясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы қаласындағы бөлімшесінің директоры Жандос Нұрғазинов 2025 жылы өңірлерге, оның ішінде Алматыға ерекше көңіл бөлінетінін, жобалардың саны мен қаржыландыру көлемі жағынан айтарлықтай өсім бар екенін атап өтті.

Спикердің мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы бес айында Алматыда «Даму» қоры арқылы жалпы құны 79,2 млрд. теңге болатын 525 жоба қаржылай қолдау алды. Жобалар субсидиялау (238 жоба – 47,4 млрд. тг), кепілдендіру (113 жоба – 12,8 млрд. тг), жеңілдетілген несиелеу (174 жоба – 19 млрд. тг) бағыттарында қолдау тапты.

Несиелердің ең көп бөлігі өңдеу өнеркәсібіне бағытталды – 26,9 млрд. теңге. Сонымен қатар, көлік пен қоймалау (13,5 млрд.), денсаулық сақтау (10,4 млрд.), білім беру (5,6 млрд.)

және туризм (4,2 млрд.) салалары қамтылды. Жобалардың 86%-ын микро және шағын бизнес иелері іске асырған. Олардың ішінде стартаптар да бар. Орта бизнестің үлесі – 14%.

Қаржының 76%-ы инвестициялық жобаларға, 24%-ы айналым қаражатын толықтыруға жұмсалған. Әйел кәсіпкерлер де белсенді қатысуда: 303 жобаға 4,9 млрд. теңге бөлінген.

2025 жылы Кепілдік қоры-1 және Кепілдік қоры-2 атты жаңа кепілдендіру механизмдері іске қосылды. Олар Президент тапсырмасы мен Үкімет қаулысына сәйкес енгізілген. Кепілдік қоры-1 – 7 млрд. теңгеге дейінгі жобаларға арналған. Қазірдің өзінде 8,2 млрд. теңгеге 69 жоба мақұлданды. Кепілдік қоры-2 – ірі жобаларға арналған.

Сондай-ақ, «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылып, кәсіпкерлерге 7 млрд. теңгеге дейін инвестициялық, 3,5 млрд. теңгеге дейін айналым қаражатына несие берілуде. Сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 12,6%-дан аспайды.

«Almaty/Jana Business» бағдарламасы арқылы бүгінге дейін 864 кәсіпкер қолдау алып, 1519 жаңа жұмыс орны ашылды. 2025 жылы бұл бағдарламаға тағы 3 млрд. теңге бөлу жоспарланып отыр.

Қ.ЖҰМАДИЛОВА.





## БАЙЫПТАМА

## ТЕҢҚҰҚЫЛЫҚ пен ПРАГМАТИЗМ

қағидаттары ортақ экономикалық мүддені нығайтуға қызмет етуі керек

26-27 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Минскіде өткен Еуразиялық экономикалық форумға және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шағын және кеңейтілген құрамдағы отырыстарына қатысты. Бұл жиындарда Президент Еуразия кеңістігінде ЖИ мүмкіндіктерін кеңінен қолдануды ұсынды.

## Цифрландыру мен жасанды интеллект – басым бағыт

Қасым-Жомарт Тоқаев Минскіде өткен Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық сессиясында сөз сөйледі. Жиынның биылғы тақырыбы – «Еуразиялық экономикалық интеграция стратегиясы: қорытынды мен перспектива».

Мемлекет басшысы ЕАЭО жиындарында үнемі айтатын интеграциялық қағидалардың сақталуы қажет екенін тағы да атап өтті. Президенттің ойынша, ЕАЭО-ның одан әрі дамуы теңқұқтылық, ортақ игілік және прагматизм қағидаттарына арқа сүйеп, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық мүддесін нығайтуға қызмет етуі керек.

Бұдан бөлек, Президент сауда-саттықты цифрландыру мәселесіне тоқталды. Қазір интернет сауда қарыштап дамуда. Amazon, Alibaba секілді интернет сауда алыптары әлемдік көшбасшыға айналған. Қазақстанда да бұл сала қарқынды дамып келеді. Мысалы, Forbes Kazakhstan жыл сайын осы сала бойынша көшбасшылардың рейтингін шығарады. 2024 жылғы рейтингте Kaspi дүкені көш бастаған. 2023 жылы 3,2 млрд. АҚШ долларына пайда тапқан. Одан кейінгі орындарда Kaspi Travel, Wildberries.kz, Halykmarket.kz,

Aviata.kz, Sulpak.kz, Jmart.kz секілді интернет-дүкендер жайғасқан.

Осы бағытта әлем дамып жатқандықтан Мемлекет басшысы сауданы цифрландыруды Еуразиялық экономикалық одақ аясында қолдауды ұсынды.

«Заманауи сын-қатерлер экономика- ны өркендетуде жаңа тәсілдерге жүгінуді талап етеді. Бұл ретте цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады. Жалпы, цифрландыру мен жасанды интеллект

біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағытының бірі. Электронды коммерция, цифрлық құжат айналымы, автоматтандырылған басқару жүйесі және логистика ЕАЭО елдері экономикасының ажырамас бөлігіне айналды. Олар шығынды азайтып, тауарлар қозғалысын жеделдетуге және бизнестің ортақ нарыққа шығуын жеңілдетуге мүмкіндік берді. Жаппай цифрландыру әлемнің тез өзгеруіне, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуіне түрткі болып отыр. Біз осы кезеңнің куәгеріміз», – деді Мемлекет басшысы.

## ЖИ саласында көш соңында қалмау керек

Президент цифрландыру мәселесінде



## «АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

## МАҢЫЗЫ ЗОР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Мегаполистің тазалығы – барша алматылықтың ортақ міндеті

Алматыда жалпыреспубликалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік өтті. Қала тұрғындары мен мәдениет қайраткерлері, белсенді жастар мен еріктілер бұл жолы Алатау ауданындағы бірнеше аумақты күл-қоқыстан тазартуға жұмыла кірісті. Іс-шараға Алматы қаласы әкімдігінің өкілдерімен қатар, қоғам қайраткерлері, театр және кино әртістері, ақындар, танымал тұлғалар қатысты.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

керек. Бұл – әкімдік жұмысы ғана емес, барша алматылықтардың ортақ міндеті.

Азамат Қалдыбеков сонымен қатар, әр тұрғын өз ауласын таза ұстауға тырысса, үлкен қаланың экологиялық бейнесі жақсаратынын жеткізді. Ол сөзін «Алматы – бәріміздің ортақ үйіміз» деген оймен түіндеді.

## Мәдениет өкілдері үн қосты

Қаланың мәдени саласында жүрген азаматтар да бұл бастамадан шет қалмады. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының труппа жетекшісі, актер Саттар Ерубаев тазалық ең алдымен отбасынан басталатынын баса айтты: «Біз театр ұжымы болып сенбілікке белсене қатысып келеміз. Балаларды кішкентай кезінен сыртқа қоқыс тастамауға, әр затты орнымен қолдануға баулу – үлкен тәрбие. Бұл – өнер адамдарының ғана емес, әр азаматтың парызы».

Ал Қуыршақ театрының актрисасы Лиза Серикова тазалықтың денсаулықпен тікелей байланысты екенін еске салды:

– Таза қала – таза болашақ. Бұл акция тек бір күндік іс-шара емес, бұл күнделікті мәдениетке айналуы керек. Біз мұны болашақ ұрпақ үшін жасап жатырмыз.

## «Бақ таза жерге қонады»

Танымал актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сафуан Рысбайұлы тазалықты ұлттық болмысымызбен байланыстыра отырып: «Тазалық – біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Бақ та, береке де таза жерге қонады. Сондықтан осындай акциялар тек бір реттік емес, ұдайы жалғасып отырғаны жөн. Біз – таза қоғам қалыптастыруға міндеттіміз», – деді.

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұратхан Шоқан бұл сенбілікті «Әділетті Қазақстан идеясының нақты көрінісі деп бағалады:

– Таза Қазақстан – бұл тек акция емес, бұл – сана, болмыс, ұлттың ішкі мәдениеті. Біз ұрпақ тәрбиесін бір жапырақ қағазды жерге тастамаудан бастауымыз керек. Бұл біздің ұлттық кодымыздың бір бөлшегі.

## «Еуропа емес, өзімізді мақтан тұтайық»

Театр және кино актері Жан Байжанбаев соңғы жылдары Қазақстан қалаларының тазалығы артып келе жатқанын атап өтті:

– Бұрын Еуропа елдерін ғана таза дейтін едік, қазір өзіміз де мақтанышпен «Алматы – таза қала» деп айта аламыз. Қалаларымыз күннен-күнге көркейіп келеді. Бұл – тәрбиелік маңызы зор бастама.

Сенбілікке жиналғандардың барлығы бір ауыздан: «Тазалық – денсаулық кепілі, ал таза орта – сапалы өмірдің негізі» деген пікірде. Көптің үлгісіне айналар бұл сенбіліктер жұртшылықтың экологиялық мәдениетін арттырып қана қоймай, қаланың келбетін жақсартуға зор серпін бермек.

жасанды интеллектінің әлеуеті жоғары екенін айтты. «Студенттер ChatGPT пайдаланады. Тіпті, кейбір саясаткерлер баяндамаларын жазу үшін ChatGPT көмегіне жүгінетін көрінеді. Бірақ мұның бәрі жасанды интеллектінің, жалпы цифрландырудың жанама әсері деп ойлаймын. Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай цифрландыру мен жасанды интеллект әлемдік ішкі жалпы өнімге 15 триллионнан астам табыс әкеледі, 300 миллионға тарта жұмыс орнын алмастырып, мүлдем жаңа мамандықтардың пайда болуына ықпал етеді», – деді Мемлекет басшысы.

2015-2016 жылдардан бері қарай әлемде жасанды интеллект технологиясы қарқынды дамып келеді. Әсіресе, АҚШ пен Қытай арасында бұл салада бәсекелестік өте жоғары. АҚШ Президенті Дональд Трамп билікке келе салысымен елдің ірі ЖИ компанияларын қаржыландыруды қолға алды. Әлемдегі көшбасшы ChatGPT америкалық өнім болып саналады.

Бейжің де Жасанды интеллектіні дамытуды қолдауда. Биыл қаңтарда Deepseek чат-боты әлемге таныстырылды. Оның америкалық өнімнен қуаты аз болғанымен, жасап шығаруда шығын аз кететіндігімен ерекшеленеді.

Қазақстан да бұл бағытта көш соңында қалмауға мүдделі. Президент форумда Қазақстанда осындай стратегиялық салада атқарып жатқан шараларға тоқталды. Атап өтер болсақ, жақында жоғары суперкомпьютер іске қосылмақ. Сондай-ақ, ЖИ дамыту мақсатында арнайы кеңес құрылған. Қала берді, Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды. Бұдан бөлек, CryptoCity эксперименталдық аймағы құрылады. Осылайша Қазақстан отандық ЖИ жүйесін қалыптастыру үстінде.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

## ЖАҢА ЖҮЙЕ ЕНГІЗІЛЕДІ

2025 жылғы 1 шілдеден бастап Алматы қаласындағы барлық мектепке дейінгі ұйымдарға ваучерлік қаржыландыру жүйесі енгізіледі.

Рая  
ЕСКЕНДІР

2025 жылғы 1 шілдеден бастап Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №372 бұйрығымен бекітілген өңірлердің Пилоттық жобаға көшу кестесіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыру жүйесі енгізіледі.

Бұл жаңашылдықтың басты мақсаты – мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, бәсекелестікті күшейту және ата-аналарға балабақша таңдауда еркіндік беру.

Жаңа жүйенің тиімділігі – Ваучерлік жүйе арқылы ата-аналар мемлекеттік те, жекеменшік те балабақшалардың қызметтерін төлеуге мүмкіндік алады. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап ата-аналар мектепке дейінгі білімге арналған ваучерлер ала алады. Алматы қаласында бағдарламаға 988 мектепке дейінгі ұйым қатысады, оның ішінде: 196 – мемлекеттік балабақша, 792 – жекеменшік.

Ескеретін бір жәйт, ұйымды таңдау бос орынның болуына байланысты жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысу үшін ресми порталға (<https://balabaqsha.snation.kz>) кіріп, ваучер алу үшін өтініш беру қажет. Ваучер баланың балабақшада болу құнының бір бөлігін жабады. Бағдарламаға қатысатын жекеменшік балабақшалар белгіленген сапа стандарттарына сай болуы керек.

**Бағдарлама мақсаты: мектепке дейінгі білімнің барлық әлеуметтік топтар үшін қолжетімділігін арттыру; ата-аналардың таңдау еркіндігін қолдау және білім беру қызметтерінің икемділігін арттыру; мектепке дейінгі білім беру саласында жекеменшік секторды дамыту; бәсекелестік пен қаржыландырудың ашықтығы арқылы көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту.**



## ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Алматы қаласында Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыруымен «XXI ғасырдың қаржылық триггерлері» тақырыбында форум өтті.

Дана  
САДЫРҚАН

Іс-шара «Заң және тәртіп» мемлекеттік бастамасы аясында ұйымдастырылып, азаматтардың цифрлық ортадағы білімін арттыруға және қаржылық сауаттылығын көтеруге бағытталды.

Форумға құқық қорғау органдарының өкілдері, қаржы және цифрлық қауіпсіздік саласының сарапшылары, жастар, студенттер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Спикерлер қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, интернет-алаяқтықтың алдын алу және қаржылық пирамидалармен күрес секілді маңызды мәселелерді талқылады.

Іс-шара аясында интернет-алаяқтық пен заңсыз қаржылық пирамидаларға қатысты нақты қылмыстық істер қаралып, осындай құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл тетіктері түсіндірілді. Қатысушыларға алаяқтық схемалар мен оларды тиімді анықтау тәсілдері бойынша талдамалық шолулар ұсынылды.

Басқосу қоғам мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды нығайтып, халық арасында қаржылық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді алаңға айналды. «Мемлекет басшысы жариялаған «Заң және тәртіп» апталығын іске асыру мақсатында бүгінгі спикерлердің беретін ақпараты қоғамға өз пайдасын тигізеді. Стратегиялық басымдық ретінде қаржылық қауіпсіздік ел экономикасының тұрақтылығына әсер етеді. Қазіргі таңда

жасанды интеллект жалған бейнелер мен аудиожазбалар таратуға өте қабілетті. Біз жалғыз өзіміз қаржылық сауаттылықты арттыра алмаймыз, бірге әрекет етуіміз керек», – деді Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Нұржан Исмағұлов.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАРЖЫЛЫҚ  
САУАТТЫЛЫҚ

қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырады

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айбар ОЛЖАЙ,  
экономист,  
қаржы маманы:Ұлттық  
бағдарлама  
іске қосылды

2024 жылы Қазақстанда 43 мыңнан астам алаяқтық тіркелді – бұл 2023 жылмен салыстырғанда 30%-ға көп. Әрбір екінші тұрғын фишингке (жалған хабарлама, қорқыраулар) тап болған. Қазір алаяқтық қатты өршіп тұрған уақытта ұлтымyz бен мемлекетіміздің қауіпсіздігі ең басым бағыт болып отыр. Біз екі мәселеде жарға жығыламыз: біріншісі, ұлттық экономикамызды нығайта алмаймыз, екіншіден, азаматтарымыздың кедейлік қамытынан шығуы өте қиын болады.

Сондықтан қаржылық алаяқтықпен күресте ең маңызды фактор – азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру. Бүгінде бұл мәселе бойынша Ұлттық бағдарлама іске қосылды. Соңғы екі жылда 120 мыңнан астам азамат арнайы оқудан өтті. Қаржы реттеушісі мен Цифрлық даму министрлігі «Тексер» платформасын іске қосты. Ол арқылы кез келген қаржы ұйымының лицензиясын тексеруге болады.

## ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ТҰРАҚТАҒЫ  
ТӘРТІПЗаңсыз нысандар  
сүріліп жатыр

Алматыда көлік тұрақтарының аумағына заңсыз орналастырылған сауда нүктелерін жою бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қалалық «Алматы паркинг» коммуналдық мекемесінің мәліметінше, ірі сауда орталықтарының маңындағы автотұрақтарда еш рұқсатсыз салынған сауда павильондары анықталған.

Мониторинг нәтижесінде бұл нысандарда сауда-саттықтың заңсыз жүріп жатқаны белгілі болды. Тіпті, кейбіреуінде газ баллондары секілді адам өміріне қауіп төндіретін заттардың қолданылып жатқаны анықталды. Мұның бәрі көлік тұрағы кеңістігін пайдаланудың заңды шарттарына қайшы келеді.

Сот шешімі негізінде «Адем» сауда орталығы алдындағы тұрақта орналасқан 30 заңсыз дүңгіршек бұзылды. Ал «Яля» сауда орталығында дәл осындай 37 нысанды жоюға шешім шығарылды. Қазір сот орындаушылары бұл қаулыны іске асырып, нысандарды сүріп жатыр.

«Алматы паркинг» мамандарының айтуынша, бұл шаралар көлік тұрағы кеңістігін реттеп қана қоймай, қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Автотұрақтарды шынайы мақсатына сай пайдалануға мүмкіндік береді. Мамандардың сөзінше, заңсыз құрылымдарды анықтап, жою жұмыстары әлі де жалғасуда. Осы орайда, олар азаматтар мен кәсіпкерлерді автотұрақты пайдалану ережелерін қатаң сақтауға шақырды.

## ЖӨРМЕҢКЕ

## ҚОЛАЙЛЫ БАҒА, САПАЛЫ ӨНІМ

Алматыда демалыс күндері ұйымдастырылатын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті сауда орнына айналды. Жыл басынан бері бұл жәрмеңкелерге 550 мыңнан астам адам қатысқан.

Апта сайын өтетін жәрмеңкелерде Алматы қаласы мен облысынан келген 320-дан астам фермер мен өндіруші 1000-нан аса түрлі өнімді ұсынады. Олардың қатарында көкөніс, жеміс-жидек, ет пен сүт өнімдері, жұмыртқа, шұжық, бал, нан-тоқаштар және тәттілер бар.

Ең бастысы – өнімдер тікелей өндірушіден әкелінеді. Делдалсыз сауда тұтынушылар үшін бағаның қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлері нарықтағыдан төмен



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

бағамен сатылады. Сауда бағасына тұрақты мониторинг жүргізетін «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы (ӘКК) жәрмеңкелердің ашықтығы мен тиімділігін қадағалайды.

Қолайлы баға, сапалы өнім мен ауыл дәмін аңсағандар үшін мұндай жәрмеңкелер нағыз олжа болары сөзсіз.

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Алматыда қоғамдық көлік жүйесін дамыту және экологиялық ахуалды жақсарту аясында қала автобустары жаңартылып жатыр.

Алматы қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, қалада тағы бір бағытта жаңа электр автобустары пайдалануға беріледі. «City Bus» жекеменшік автопаркі «Skywell» маркалы электр автобустарын сатып алды.

Бұл жөнінде Алматы қаласының мобильділік басқармасы мәлімдеді. Жолаушылар тасымалдауға арналған төмен еденді, кең сыйымдылықты электр автобустар бір қуатпен 400 шақырымға дейін жүре алады. Олар дыбыссыз қозғалады,

## ЖАҢА БАҒЫТ

бейнебақылау камералары, кондиционер, USB-қуаттағыш порттары, жүргізушіні бақылау жүйесі және өзге де заманауи жүйелермен жабдықталған.

Жаңа автобустар 2025 жылы

## КЕРЕК ДЕРЕК

● 2024 жылы Алматының мобильділік басқармасы 600 газбен жүретін автобус, 112 троллейбус және 100 электр автобусын сатып алған болатын. Бұған қоса, қала ішінде 3 жаңа және қала маңына 20 бағыт ашылды.

● 2025 жылы әкімдік тағы 600 газбен жүретін автобус сатып алуды көздеп отыр. Ал жекеменшік тасымалдаушылар тағы 118 электр автобус сатып алуды жоспарлаған.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

● МЕРЕЙ

# ПОЛИЦИЯ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Алматыда Қазақстан полициясы күніне арналған мерекелік іс-шара өтті

**Алматы қаласында Қазақстан полициясы күніне арналған кең ауқымды мерекелік іс-шара өтті.**

**Ернұр  
РЫСБАЙ**

Абай алаңында ұйымдастырылған іс-шарада концерттік бағдарлама, қару-жарақ көрмесі мен полиция қызметінің ерлікке толы бейнесін көрсететін фотоаймақтар ұсынылды. Мерекелік кештің шымылдығын қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков ашып, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының құттықтау хатын оқып берді:

— Құрметті полиция қызметкерлері, ардагерлер. Сіздерді қасиеті мерекелеріңіз — Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен тәртіпті сақтау — әрқашан үлкен жауапкершілік пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Алматы қаласында жеті мыңнан астам полиция қызметкері халықтың тыныштығы үшін күндіз-түні, ауа райына қарамастан, тынымсыз еңбек етіп келеді. Бұл — ерлік пен табандылықты талап ететін мамандық. Соған қарамастан, сіздер бұл жолдан таймай, еліміздің тірегі болып келесіздер. Қала тұрғындарының

бейбіт өмірі үшін атқарып жатқан ерен еңбектеріңізге алғысымды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін, — делінген қала әкімнің құттықтау хатында.

Салтанатты іс-шара барысында Алматы қаласы полиция департаментінің бастығы Арыстанғали Заппаров Ішкі істер министрінің құттықтау жеделхатын оқып, үздік тәртіп сақшыларын марапаттады. Қызметтік міндетін адал атқарып жүрген полиция қызметкерлеріне ҚР Премьер-министрі, Ішкі істер министрі және қала әкімі атынан Алғыс хаттар табысталды.

Атап айтқанда, ҚР Премьер-министрінің Алғыс хатымен полиция полковнигі Нұрлан Аманбек марапатталды. Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының Алғыс хаты зейнеттегі полиция полковнигі Айгүл Шөпшекбаеваға, зейнеттегі подполковник Бауыржан Рахимовқа, Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полковник Серік Шұмаевқа, Медеу аудандық полиция басқармасының аға тергеушісі, полиция майоры

Азамат Қайратқа, Алмалы аудандық полиция басқармасының учаскелік инспекторы, майор Қайсар Лабилдановқа және Әуезов аудандық полиция басқармасының учаскелік инспекторы, аға лейтенант Дәулет Құдайбергенге табысталды.

Кеш барысында қонақтар назарына Полиция департаментінің заманауи қару-жарақтары мен техникалары қойылған көрме ұсынылды. Көпшіліктің қызығушылығын тудырған техника — «Алан-2» броньдалған көлігі болды. Бұл техника жоғары өтімділігімен, жарылыстардың энергиясын сейілету мүмкіндігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге, «Полиция — ел қорғаны» атты фотозона орналасқан арнайы аймақ көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді.

Мерекелік кешке «Патруль» телесериалының актерлері Әділжан Шомбалов пен Медет Аманбаев арнайы шақырылып, жүргізушілік тізгінді Майя Веронская мен Берік Көшербайұлына ұстатты.

Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен концертте Полиция департаментінің оркестрі, «Заман», «Жігер» топтары, әншілер Айқын Төлепберген, Роза Рымбаева, Серікбол Сайлаубек, Мұқасан Шахзадаев, Мақсат Базарбаев, домбырашы Асылбек Еңсепов, IL CANTO вокалдық квартеті және басқа да өнерпаздар өнер көрсетті. Кеш соңында дрон-шоу ұйымдастырылып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

17 жылдан бері құқық қорғау саласында абыройлы еңбек етіп жүрген аға криминалист Екатерина Каноненко бұл кештің маңыздылығын ерекше атап өтті:

— Біздің кәсібі мерекемізге орай осындай әдемі кеш ұйымдастырғандарға алғысымды білдіремін. Полиция қызметіне қызығушылығым мектеп кезінен басталған. Тоғызыншы сыныптан бастап осы салада жұмыс істегім келді. Қызметтегі басты қағидам — адалдық, әділдік және еңбекқорлық, — деді ол.

● ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

## ЖАС ОФИЦЕРЛЕР

қызметке тастүйін дайын

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан академиясының 35 түлегі «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы офицерлерінің қатарын толықтырды.**

**Нұржамал  
ӘЛІШ**

Жас лейтенанттарды қарсы алу салтанатты іс-шарасы Алматыда алып мегаполистің өңірлік қолбасшылық басқармасында ұйымдастырылды.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Талапкер Әміреев жас мамандарды алғашқы сеніммен құттықтап, алдағы атқаратын қызметтеріне тоқталды. Сондай-ақ, қолбасшылықтың басшылық құрамын таныстырып, ел тыныштығын қорғау жолында өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқаруына сенім артты.

Ұлттық ұлан офицері қатарына қосылған құқықтық тәртіп әскерінің келбеті кейінгі ұпаққа үлгі болуға тиіс. Олар заманға сай білікті, білімді әрі өз ісінің шебері болғандықтан елдің қауіпсіздігіне кепілдік бар. Жеке құрамды басқару екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ол үшін жас түлектер табанды еңбек етіп, кәсіби біліктілігін ұдайы

арттырып отыруы керек дейді мамандар.

Жас лейтенанттар Алматы, Шымкент, Түркістан, Тараз, Қызылорда, Талдықорған қалаларында және Алматы облысының «Заречный» шағынауданында орналасқан әскери бөлімдерде автомобиль және тыл қызметінің бастығы, рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, взвод командирі лауазымдарында қызмет атқаратын болады.

Қызмет орындарына аттанбас бұрын Ұлттық ұлан академиясының түлектері үшін оқу-әдістемелік жиын ұйымдастырылды. Жиын барысында түлектердің қызметтік-жауынгерлік қолдану тактикасы, жалпы әскери жарғылар, әскери педагогика мен психология, техникалық және дене дайындығы бойынша білімдері мен машықтары тексерілді. Бұл кезең олардың кәсіби қызметке толық дайын екендігін бағалауға мүмкіндік берді.

Айта кетейік, биыл Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан академиясын 200-ге жуық түлек бітірді.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Зухридин САУЫТОВ,  
жас офицер, лейтенант:**

**Тыныштық күзетінде  
қалғуға болмайды**

Бұл мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Ұлттық ұлан офицері атану — тек әскери сен емес, бұл — халықтың сенімін ақтау, мемлекеттің тыныштығы үшін қызмет ету деген сөз. Мемлекеттің көрсетіп жатқан қамқорлығына ризашылығымды білдіргім келеді. Біз әскери тәртіп пен сапалы кадр даярлаудың айқын көрінісі болуға тиіспіз. Қоғамдық тәртіпті сақтап, Отан игілігі үшін лайықты қызмет етуге әрдайым дайынмын. Алғашқы еңбек жолына қадам басқан барлық жас офицерге сәттілік тілеймін.







## «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ  
ТАБЫСТАЛДЫ

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен «Аманат» партиясының өкілдері қатысты.

Жастар бастамаларын қолдайтын және жұмысшы мамандықтарының имиджін нығайтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыруда ірі жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер колледж ұжымымен бірлесіп, кәсіби бағдар беру, өндірістік тәжірибе мен жұмысқа орналасу бағытында тұрақты әріптестік орнатып келеді. Биыл 600-ден астам студент колледжді тәмамдайды. 114 түлек үздік диплом иегері, бұл жалпы бітірушілер санының 20%-ына жуық. Сонымен қатар, марапатталатындар қатарында белсенді студенттер, қалалық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары, WorldSkills, Enactus, Kazakhstan Skills, «Дела Рук» халықаралық фестивалі сияқты жобалардың жеңімпаздары, спорттық және волонтерлік жетістіктерге жеткен түлектер бар.

Ерекше атап өту қажет, 50 студент Алматы қаласының жетекші жұмыс берушілерінен «алтын сертификаттар» алды. Бұл сертификаттар олардың біліктілігі мен кәсіби даярлығына деген сенімді білдіреді. Мұның өзі колледждегі сапалы білім мен түлектерді нақты еңбек нарығына дайындаудың айқын дәлелі.

– Бұл қуанышты сәт боп тұр. Алматы мемлекеттік бизнес колледжі қазіргі заманға сай маман даярлап келеді. Жас түлектер үшін бұл жаңа өмірдің бастауы. Бітіруші түлектерді шын жүректен құттықтаймыз, – деді Алматы қаласы Мәслихаты төрағасы Мейіржан Отыншиев.

Сонымен қатар, Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнұр Мұқажанова түлектерге ақжол тіледі.

– Үстіміздегі жылы біздің колледж 75 жыл қатарынан түлектерін қанаттандырып, шәкірттерімізді үлкен өмір жолына аттандырып жатырмыз. Елдегі «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында еңбек адамдарының рөлі еленіп келеді. Араларында менеджер, маркетинг, аспаз, IT сияқты түрлі мамандықты игеріп шыққан дарынды жастарымыз бар. Түлектер еліміздің экономикасына сапалы үлес қосады деп сенеміз, – деді ол.

## КОНКУРС

ҮЗДІК САПАЛЫ  
ҚЫЗМЕТ

**Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қызмет көрсетушілердің мәртебесін арттыру, ынталандыру және жұмыстағы клиентке бағдарланудың негіздерін нығайту мақсатында «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» атты конкурс өткізіп келеді.**

Аталмыш байқау еліміздің барлық өңірінде, яғни 20 өңірдің әрқайсысында өткізіледі. Бұл кезеңде екі номинация бойынша жеңімпаздар анықталады. Жеңімпаздарды анықтау халықтық дауыс беру нәтижелері арқылы және өңірлік конкурстық комиссияның шешімімен бағаланады. Ал ақтық дода – республикалық кезеңге өңірлік кезеңдердің жеңімпаздары қатысады. Биылғы байқаудың «Сервистік қызмет көрсетуші» номинациясы бойынша 1-орынды Түркістан ауданының №187 бөбекжай-балабақшасы иеленіп отыр. Өткізіліп отырған байқаудың басты мақсаты – қызмет көрсетушілердің мәртебесін арттыру, уәдесін көтеру және жұмыс барысында клиентке бағдарлану қағидаттарын нығайту.

Рая ЕСКЕРМЕҚЫЗЫ

## САРБАЗ

## ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАУ

## азаматтық борыштың мәңгілік серті

Алматы қаласының «Айнабұлақ» ықшамауданында орналасқан №73652 әскери бөлімінің аумағында ALT University әскери кафедрасының студенттері әскери ант қабылдау рәсімінен өтті.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Университет тарихында тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің болашақ запастағы офицерлері Ант қабылдап, әскери қызмет жолына ресми түрде қадам басып, Отан қорғау жауапкершілігін сезінді. Алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы алаңға салтанатты түрде әкелінді. Әскери оркестрдің ырғағымен қадам басқан ту көтерушілердің сап түзеген сарбаздардың алдынан өтуінің өзі ерекше сәт, тебіреніске толы көрініс болды. Осынау сәттің өзі ертең елімді қорғаймын деген әрбір сарбаздың бойына рух пен намыс дарытса керек. Қазақстанның әскери қауіпсіздігі мен ел тыныштығы үшін жауапты болуға бел буған жастар бұл күні Отан алдында адал қызмет етуге Ант берді.

Ант қабылдау – әскери өмірдің бастауы ғана емес, бұл ел мен жер алдындағы азаматтық борыштың мәңгілік серті. Өйткені, Ант – ардың, намыс пен азаматтық борыштың айғағы.

Салтанатты рәсімді әскери оқу орнының басшысы запастағы полковник, Н.М.Сексенбаев ашып, ант қабылдаудың маңыздылығына тоқталды: «Әскери ант – бұл ресми мәтін ғана емес, жүректен шыққан адал серт. Бұл – туған жерді, халқыңды, ата-ананды қорғауға берілген сөз. Бұл – өмірлік жауапкершілікті мойынға алу», – деді ол. Келесі кезекте



Суретті түсірген Раяул БАХАМОВ.

«ҚР Генералдар мен офицерлер Кеңесі» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор Махмұт Телегусов құттықтап, ақ жол тіледі.

Иә, шындығында бұл оқиға студенттер өміріндегі маңызды кезеңге айналып, патриотизм, адалдық және азаматтық, кемелдік рухын көрсетті. Салтанатты рәсім тек студенттерді ғана емес, олардың отбасыларын, оқытушыларды, әскери бөлім басшылығын және шақырылған қонақтарды да серпілтіп, офицердің тәртіп, кемелдік пен жоғары миссиясын бейнелейтін символға айналды. Бұл – бірнеше жылдық теориялық және практикалық дайындықтан өткен студенттердің шынайы сарбазға және Отан қорғаушыға айналуын білдіретін ерекше әрі тарихи сәт болды.

Жалпы, салтанатты жиын Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы

аясында қабылданып отыр. Өйткені, бұл бүкіл халық үшін маңызы зор мерейтой. Тағы бір айта кетерлігі, Ант қабылдап отырған студенттердің жартысынан астамының аталары Ұлы Отан соғысының ардагерлері және тыл еңбеккерлері болып табылады. Сондықтан ұрпақтар сабақтасығы, борышқа адалдық пен Отанға деген сүйіспеншілік жас Отан қорғаушылардың бойынан да өз жалғасын таба бермекші. Ант қабылдау рәсімінің ең маңызды сәті – сарбаздардың жеке-жеке ант бергені болды. Алғаш болып Жұмахан Жексенұлы ана тілінде ант мәтінін анық әрі нық дауыспен оқып берді. Одан кейін сөз алған Болатұлы Сырым да дәл сондай шынайылықпен ант берді.

Әскери ант – жәй ғана формалдылық емес, бұл – Қазақстан Республикасына адалдық анты, оның егемендігі мен тәуелсіздігін қорғауға, әскери жарғылар

мен тәртіпті мүлтіксіз сақтауға берілген уәде. Бұл сөздер әрбір офицердің жүрегінде мәңгі сақталып, оның қызмет жолындағы моральдық бағдарға айналады. Бұл күні аталмыш іс-шараны ұйымдастырған ALT University әскери кафедрасы студенттерге кәсіби әскери дайындық беріп қана қоймай, олардың бойында жоғары деңгейдегі әскери патриотизмді, тәртіптілікті және Отанға қызмет етуге дайындықты қалыптастырады. Салтанат барысында ата-аналар мен қонақтар әскери бөлімнің тыныс-тіршілігімен танысып, студенттердің саптық дайындығы мен әскери тәртіп атмосферасына куә болды. Іс-шара отбасы, қоғам және мемлекет арасындағы әскери-патриоттық байланыстарды нығайтуға қосылған үлес.

Ант рәсімі аяқталысымен әскери оқу орнындағы курсанттар саппен жүріп өтіп, әскери шеру жасады. Оркестрдің ырғағымен қадам басқан болашақ офицерлер мен сержанттар бір тудың астында, бір сапта жүріп өтті. Жиналғандар көңіліне қуаныш ұялатқан бұл көрініс ел іргесінің қауіпсіздігіне, тыныштыққа деген сенімді нығайтты. Сап түзеген жастардың әрбір қадамы – тәртіптің, дайындықтың және отансүйгіштіктің айғағы іспетті. «Атамекенді» асқақтата шырқаған жас сарбаздар әнмен бірге Отанға деген адалдық, болашаққа сенім, тыныштық пен бейбіт өмірге деген үмітті жаңғыртты. Бүгінгі курсанттар – ертеңгі күннің капитандары, майорлары, ел тыныштығын сақтайтын тұлғалар. Олар тек қару ұстап, шекара күзететін сарбаздар емес, ел ішіндегі тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі. Ант қабылдау арқылы олар Отанды қорғау жолында жанын аямайтын азаматтар қатарына қосылды. Жастардың рухы – мемлекеттің болашағы. Осындай рухты ұрпақ барда Қазақстан қашанда мызғымас ел болары анық.





АС БОЛСЫН!

Алматыдағы алуан дәм:

# ӘЛЕМ АСХАНАЛАРЫ

## ТОҒЫСҚАН МЕГАПОЛИС



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Алматы – әсем табиғатымен танымал қала ғана емес, сонымен қатар дәмі тіл үйірер тағамдарымен де адамдарды баурап алар гастрономиялық мегаполис. Алып шаһардан итальян пиццасынан бастап, француз багеті мен рататуйін, жапон сушиін, өзбек палауы мен корей кимчиін шарқ ұрып іздеудің қажеті жоқ. Өйткені, сан алуан мәдениет ошағы біте қайнасып, өзгеше үйлесім тапқан мегаполисте әлемнің түрлі елдерінің ұлттық тағамдарын ұсынатын асханалар өте көп.**

Дана  
САДЫРҚАН

Алматыда әлем асханалары неге көп? Біріншіден, шетелдіктер үшін танымал туристік мегаполис. Екіншіден, жаңашылдықты жаны сүйетін жергілікті тұрғындардың дәмге деген талғамы күннен-күнге жоғарылап барады. Үшіншіден, 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекеттің алып шаһарында түрлі ұлттық тағамдарға сай асханалардың пайда болуы – заңдылық. Төртіншіден, Алматының дамыған экономикасы мен халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауы қала тұрғындарының мейрамханаларға жиі баруына және әлемнің алуан тағамдарын таңдап тұрып, дәм татуына мүмкіндік сыйлайды.

### Гастрономиялық сапар

**Итальян асханасы.** Ерекше романтиканы сезініп, Алматының көз тартарлық көрінісін тамашалау үшін итальян асханасына баратындар көп. Жерорта теңізінің жылы шуағына бөлейтін мұндай мейрамханалардың әр тағамы – дәстүрлі және жаңашыл рецептілер біріккен аспаздық шедеврлер. Мәселен, ешкі сүтінен жасалған ірімшік пен балдыркөк үстінде пісірілген сиыр еті қосылған равиоли, пасталар мен пиццалар, жаңа дайындалған теңіз өнімдері – меймандардың ең сүйікті тағамы.

Алматыдағы итальян асханаларында көбінесе макарон, равиоли, пицца, ет және теңіз өнімдерінен тағамдар әзірленеді. Төрт қабырғаға қамалмай, таза ауада тамақтанғанды ұнататындар жайлы орынды жазғы терасадан табады.

**Жапон асханасы.** Азиялық-еуропалық жапон асханалары қонақжайлылығымен әйгілі жапондық гастрономияның заманауи көрінісі іспетті. Әсіресе, әртүрлі премиум қоспаларды қолдана отырып, эксклюзивті мәзірімен таңқалдырудан жалықпайды. Мәселен, «Тако», «Темпура», «Хатикой», «Уми Масу», «Китана», «Умаи», «Анаго»,

«Саба» секілді орам түрлері мен классикалық коктейльдерінің дәмі таңдайыңнан кетпейді.

Сондай-ақ, мәзірде тори пайтан, тантанмен, шио, сею, мисо-чили, том-юм, эби секілді рамендардың түр-түрі бар. Меймандар жапон кеспесінен бөлек, жыланбалық қосылған «Филадельфия», «Калифорния», «Канада» классикалық орамдарын, лосось, асшаян және ким-чи қосылған онигириді де жақсы көреді.

**Кәріс асханасы.** Қонақжайлылық пен дәмді тағамдарды іздегендер үшін Алматыдағы кәріс асханалары – таптырмас орын. Кейбір аспаздар ортағасырлық Кореяның әдет-ғұрпына сай тағам әзірлеп үйрену үшін Сеулдегі корольдік асхана институтында арнайы дайындықтан өткен. Соның арқасында калби, булгоги, тубу кимчи, моксал гуи, так халби, чано ги секілді тағамдарды дайындаудың қыр-сырын меңгерді. Кәріс асханаларында еуропалық, шығыс және паназиялық тағамдар, васаби соусымен жасалған асшаяндар, қытай еті, дүнген кеспесі де жасалады.

**Француз асханасы.** Ерекше атмосфералы, пайдалы әрі дәмді тағамдарымен ерекшеленетін француз асханаларындағы ең басты ас – еуропалық тағамдар, суши және коктейльдер. Бұл мейрамханаларда таулар мен қаланың сәнді көріністері жанды музыкамен үйлесім тауып, келушілерге ерекше әсер қалдырады. Мәзірден суши, АҚШ-тың премиум сиыр етін, Франция мен Канаданың жаңа теңіз өнімдерін табуға болады. Мегаполистегі француз наубайханаларында иісі мұрынды жаратын кондитерлік өнімдер, қытырлақ багеталар мен сары май қосылған француз круассандары, бутербродтар осы наубайханада дайындалады.

**Түрік асханасы.** Түрік асханалары еттен жасалған тағамдарымен қатар тәттілерімен де танымал. Өйткені, басты мәзірге кәуап, көкөніс гарнирлері, лахмакун және күлше нан, дәстүрлі түрік тәттілері енгізілген. Ел аузындағы мейрамханаларда жаңа піскен кондитерлік өнімдерден бастап еттен жасалатын тағамдарға дейін Түркиядан келген аспаздар әзірлейді. Мәзір қонақтар жайғасатын орынға байланысты өзгеріп отырады.

**Өзбек тағамдары.** Түрлі түске боялған өзбек асханаларының табалдырығын аттаған сәтте шығыс ертегілеріне тап болғандай күй кешесіз. Мұнда шурва, палау, манты, самса, кәуап, сондай-ақ еуропалық және дәстүрлі шығыс тағамдары дайындалады.

Шығыс мәдениеттерінің тоғысқан тұсы – өзбек шайханаларының әр тағамында ата-баба дәстүрінің тарихына деген құрмет көмкеріліп жатыр. Шайханалардың ішкі көрінісі жаһанданған дәуір мен этникалық дәстүрлерді өзара байланыстырып, этно-шығыс стилінде өзгеше үйлесім тапқан. Мәзірінен тандыр нан, балқаймақ, самса, құймақ, шырынды қызанақ, пияз бен бөдене жұмыртқасы қосылған бұзау еті сүбесінен жасалған кесе самса

секілді тағамдар мен салаттың алуан түрлерін атауға болады.

### Қазақтың ұлттық тағамына жетері жоқ

Тренд пен бренден қалмаймыз деп, түрлі дәмді таңдайға басқанымызбен, қазақтың ұлттық тағамдарына жетері бар ма?! Ауылдың дәмін алып шаһардың кез келген жерінен татуға мүмкіндік бар. Әсіресе, қазақтың ұлттық тағамдарының жаңартылған нақышындағы ет пен нан өнімдерін біріктірген жедел ас – бауырдаққа сұраныс жоғары. Басты мәзірге қойдың бауырынан, сиыр және тауық етінен, тіпті қазы-қартадан жасалған бауырдақтың түр-түрін, қазақтың қонақжай ұлы халық екенін танытатын қымыз, шұбат, айран сияқты ұлттық сусындар енгізілген. Меймандарға гамбургер пішініне келтірілген бауырсақпен бірге қайнатылған құрт, сорпа, фри, тұздалған қияр қоса беріледі. Бұл – ұлттық дәстүр мен заманауилық біріккен айрықша көрініс.

Ал бұқтырылып дайындалған қуырдақтың дәмі тіл үйіреді. Өткен мен болашақты терең түсінуге жетелейтін әрі ата-баба дәстүрін ұғындыратын мейрамханалар да жетерлік. Бүгінде жұрт арасында қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын тоғыстырған «Өмір» атты гастрономиялық дәмдер жиынтығы өте танымал. Аталмыш жиынтық «Ақ сүйек», «Құдалық», «Сырға салу», «Беташар», «Құрсақ той», «Жарыс қазан», «Қырқынан шығару», «Тұсау кесу», «Ашамайға (Атқа) мінгізу», «Бел көтерер», «Бата беру» секілді 11 дәмнен құралған.

Сонымен, Алматыға гастрономиялық сапарға шыққандай болды. Ұлттық асханалар мен мейрамханаларда мегаполистегі түрлі халықтың мәдениеті мен дәмдері тоғысқан.

### АЛМАТЫЛЫҚТАР НЕ ДЕЙДІ?

**Асқар БАЙБАТЫРОВ,**  
зейнеткер:

#### Бағалай да, қадірлей де білген

Қазақтар асты әрдайым жоғары бағалап, қадірлей білген. Қай дәуірді алып қарасақ та, араз жұртты татуластыруда, ел жақсыларын ардақтауда, өмір мен өлім арасындағы мәселелерде де қазақ өзінің көпке үлгі мәрттігі мен өнегеге толы дәулетін кең дастарханы арқылы көрсеткен. Қазір заман дамып, адамдардың дәмге деген талғамы да өзгергені белгілі. Бірақ қазағымыздың ұлттық тағамдарын ештеңе алмастыра алмайды.

**Ұлдана НУРАДИН,**  
студент:

#### Отандық киносында тағамын көп насихаттайды

Кореялық асханаға жиі барып тұрамыз. Себебі, мен бұл халықтың дорамаларын көріп, музыкаларын тыңдаймын. Отандық киноларында тағамдарын көп насихаттайды. Кореяның мәдениетіне қызығамын, бұл елге саяхаттағым келеді. Сондықтан тағамдарын да сүйіп жеймін.

**Жаңылша ТАМАБАЙ,**  
студент:

#### Фаст-фуд денсаулыққа зиян

Асқазаның шұрылдап, тамақ жасауға ерініп тұрғанда фаст-фуд өте жақсы таңдау дер едім. Бургер, донер, суши, пиццаға тапсырыс беріп, басқа жұмыстарды да бітіре бересің әрі тамақ істеуге уақыт құртудың қажеті жоқ. Бірақ фаст-фуд өнімдерін шамадан тыс тұтыну денсаулыққа өте зиян. Артық салмақ қосылып, тері жарақаттары пайда болады, асқазан ауруларына дейін әкеліп соқтыруы мүмкін. Тез әзірленетін дәмді тағамдардың пайдасынан зияны көбірек.





## МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



## ҚАЛАМ – ҚАСИЕТТІ, СӨЗ – АМАНАТ

«Almaty aqshamy» газетіне – 37 жыл



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһардағы әрбір өзгеріс, әлеуметтік мәселе, мәдениет пен білім, экономика мен экология аталмыш газет бетінде шынайы сипат тауып келеді. Қаланың күнделігі, оқырманның ой серігіне айналған басылымда елге елеулі, халқына қалаулы қаншама қаламгер еңбек етті, көптеген тұлғаның қолтаңбасы қалды.

Бүгінде «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттері, сондай-ақ «Aqshamnews» және «Vecher.kz» сайттары Ержан Қалымбайұлы басқаратын «Alatau aqparat» медиахолдингінің құрамында. Іргелі ұжым қазіргі таңда уақыт талабына сай жұмыс істеп келеді. Заманауи подкаст студиясы, сандық форматтағы контент – уақыт талабына сай жаңғырып жатқан жұмыстың нәтижесі деуге болады.

«Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияр – ұжымды бір арнаға ұйыстырып, жаңа белеске бастап келе жатқан кәсіби көшбасшы. Газеттің ішкі тәртібі мен үйлесімді жұмысын Бас редактордың орынбасары Есхат Божан мен жауапты хатшы Серік Жұма-

бай үйлестіреді. Білім саласын байыппен жазатын Рая Ескендір, денсаулық пен адами сезімді мөлдіретіп жеткізетін Нұржамал Әліш – оқырман сүйіп оқитын авторлар. Ал қоғам мен саясатты терең шолатын Пердехан Шәмшиевтің талдаулары – шынайылық пен шеберліктің үлгісі деуге болады. Қазір «Ақшамда» Олжас Жолдыбай, Досбол Атажан, Ернұр Рысбай, Гүлжанат Сембаева, Аяжан Серікқызы, Дана Садырқан сынды жас буын қалыптасып келеді.

Газет сапасының артында – үлкен техникалық күш тұр. Ербол Қожабеков, Ақмөр Молдақұлова, Айша Абуова, Мархабат Шойбекова, Кенже Нүсіпова сынды мамандар – «үнсіз» еңбек иелері, газет шығару процесінің нағыз қармандары. Ал фототілші Самат Құсайыновтың объективтен түскен суреттер «Ақшамның» бейнесі мен болмысына жан бітіріп, оқырманмен үнсіз тілдесіп тұратын көркем суреттің шежіресіне айналды.

Міне, «газет – ұжымдық еңбек жемісі» десек, сол ұжымды ұйыстырып, әр буынның арасын жалғап тұрған – осындай абыройлы мамандар.

Ақпарат майданындағы ақжолтай басылым – «Almaty aqshamy» газеті жаңғырып, жасарып, ел жүрегінен мәңгі орын ала бергей!

## БӘРЕКЕЛДІ!

## «АҚШАМНЫҢ» АБЫРОЙЫ

Мегаполис төрінде үздік журналистер марапатталды

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі БАҚ қызметкерлері күніне орай журналистер арасында ұйымдастырған байқаудың қорытындысы шығып, үздік деп танылған жеңімпаздар марапатталды.

Байқауға 46 адам қатысып, қазақ және орыс тілінде 153 материал ұсынған. Олар «Ең үздік телесюжет» пен «Фоторепортаждан» «Журналист сарапшы», «Әлеуметтік желідегі үздік материал» сынды 20 номинация бойынша өзара бақ сынасты.

Байқауға келіп түскен материалдарға қазақстандық журналистиканың мэтрлері баға беріп, төрелік жасады. Олар – комиссия төрағасы, ҚР құрметті журналисі, тарих ғылымының докторы, ҚазҰУ-нің профессоры Сағымбай Қозыбаев,

Deutsche Allgemeine Zeitung газетінің Бас редакторы, ҚХА журналистер клубының төрағасы Олеся Клименко, Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Ильзат Ақчурин, қалалық Мәслихат депутаты Қарашаш Жүзеева, Қоғамдық кеңестің мүшесі Қайыржан Әбдіхалықов сияқты елге белгілі тұлғалар.

Елдің бәрі асыға күткен ең соңғы сәт – салтанатты марапаттау рәсімі де келіп жетті. «Егемен Қазақстанның» өкілі Арман Октябрь «Ең үздік журналист-сарапшы» номинациясын жеңіп алса, Jibek Joly те-



леарнасының журналисі Айман Қаймұлдина «Жаңалықтағы ең үздік мақаланың» авторы деп танылды. Биылғы «Ең үздік шолушы» деген атаққа Kursiv.media-ның журналисі Дмитрий Кривицкий ие болды.

«Alatau aqparat» медиахолдингінің үш қызметкері де үздік деп танылды. Мәселен, «Almaty aqshamy» газетінің «Қала тынысы» бөлімінің редакторы Нұржамал Әліш «Баспа басылымындағы үздік материал» номинациясын жеңіп алса, «Вечерний Алматы» газетіндегі әріптесіміз Әсел Ташибаева «Жемқорлықпен күрес туралы үздік материал» аталымы бойынша жүлде иеленді. Ал осы газеттің фототілшісі Қайрат Қонысбай «Үздік фотограф» атанды.

Бұл байқау мегаполистің дамуы туралы жазған ең үздік материалды анықтап қана қоймай, Алматының журналистер қауымдастығын біріктіретін, оларды шабыттандыратын іс-шараға да айналды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»





## Тәуекел МҮСІЛІМ:



## Қоғам отандық кинокартиналарға ден қоя бастады

## – Қазақ өнерінің даму қарқыны қай деңгейде?

– Қазақ өнерінің даму тенденциясы қарқынды жүріп жатыр. Нақты санын білмедім. Дегенмен, жылына 50–60 шақты кино экранға шығады. Бұл – Қазақ елінің кинематографиясы үшін жақсы көрсеткіш. Қазір қоғам, халық отандық кинокартиналарға ден қоя бастады. Ең мықты актерлік құрам, жақсы сценарий және өте қызықты кино болса, едәуір кассалық пайда табады. Қазір қолында қаржысы бардың бәрі киноға қаржы құйып, мол табыс табуға тырысып жүр. Демек, қазақ көрерменіне отандық фильмдер ұнап жатыр деген сөз. Осылай қарқынды түрде іске асырыла берсе, даму деген сол.

Қазір бірыңғай комедия емес, басқа жанрлар да даму үстінде. Соның ішінде мелодрама, тарихи кино, драма сияқты бірқатар салаларға күш салына бастады. Сол себепті де, қазақ киносы жаңа белеске шықты, ол құлашын кең жая бермек.

## Комедия көп табыс әкеледі

## – Әлеуметтік желіде комедия көп түсіріледі деп сынайды. Қалай ойлайсыз?

– Онсыз да өмірде проблемалар көп. Проблемасы бар адамды одан сайын кинап жіберсек, одан ешкім ештеңе ұтпайды. Сол себептен, комедия түсіріп, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі қиын жағдайларды ұмытсын деген ой ғой. Сонымен қатар, комедияға жұмсалған шығындар, ақысын қайтарады. Бұдан табыс табуға болады. Өзіме де комедия ұнайды. Халық та көп келеді. Сондықтан комедиялық жанрға үлкен назар аударылып келеді.

Кейінгі 2-3 жылдан бері «қорқынышты» бағыттағы фильмдер түсірілу қолға алынды. Мәселен, «Дәстүр» фильмінің кассалық рекордын атауға болады. Шыны керек, біздің көрермен ондай жанрға көп бармайтын. Егер кино түсіруге режиссерлер, актерлік құрам тиянақтылықпен келетін болса, әлі талай жанрды жүзеге асыра алады. Өз уақытысымен тындырымды істер орындалады деп ойлаймын.

## Өнерлі жанның өнерге келуін құптаймын

## – Қазір «вайнер», «әзілкеш», «блогер», «спортшы» сияқты әртүрлі мамандық иелері өнерге келе бастады. Бұл өнер сапасын түсірмей ме?

– Халқымыздың дүниетанымында «өнерге әркімнің-ақ бар таласы» дейді. Осыдан-ақ біраз астарлы ойды байқауға болады. Егер шеберлігі келіп, кастингтен өтіп жатса, киноға түсіп, образ сомдауына болады. Өзім өнерлі жандардың өнерге келуін құптаймын. Оның үстіне жақсы дүние жарыққа шығып жатса, бәрімізге қуаныш. Мен де кәсіби актер емеспін. Мамандығым – инженер-механик. Өнерге бірер мәрте бас сұққаннан кейін, өнер жолын қалап, еңбек етіп қалған жайымыз бар. Сол себепті, ешкімге шектеу жоқ деп білемін. Сонымен бірге,

Өнер – шынайылықты сүйеді. Өйткені, актер – адам табиғатын кейіптейді. Соның арқасында әр көрермен сомдалып тұрған бейнеден өзін көреді. Ал өнер иесінің жансарайы көпке беймәлім. Қазақ мәдениеті мен өркениеті қатар дамып бара жатқандай. Сонымен қатар, өнерпаздың жолында қуаныш пен қиыншылық қатар жүреді. Ақын Қадыр Мырза-Әлі «күлгісі келіп тұрса да, біреу боп жылау міндеті» депті. Бұл өлең жырлары өнер адамының жан тебіренісін ұқтырып тұрғандай. Бүгінгі кино өнерінің даму заңдылықтары өзгеріп, жаңа тренд қалыптасып, заманауи көзқарас тұрғысында тың кинокартиналар түсіріліп келеді. Осыған орай, қоғамға белгілі актер, тележүргізуші Тәуекел МҮСІЛІМДІ әңгімеге тартқан едік.

көрерменге ұнап, ел-жұрттың көңілінен шығып тұрса, әркімге де өз шеберлігін шыңдауға жол ашық.

## Кино мен театр актерлерінің жағдайы алаңдатады

## – Қазақ киносында шешімін таппаған қандай мәселелер бар?

– Біздіңше ең өзектісі – актердің төлемақысы. Тек кино емес, театр актерлерінің жағдайы алаңдатады. Жалпы, актер адамның төлемақысы төмен боп тұр. Кино мол кассалық табыс тапса ғана, актерлік құрам жағдайы біраз жақсарып қалады. Кей жағдайда киноға шақырғанда бюджеттің аздығын алдын ала айтады. Актердің дәрежесін көтеру қажет. Сондай игі бастама жасап жатқан – Kinopark ішіндегі Tiger Film's. Сол продюсерлік орталық актерлерге өте жақсы жағдай жасайды. Әрқайсысына жіті көңіл бөліп, әжептәуір гонорар береді. Бұл – дұрыс!

Қазақстандағы өнер иелері әмбебап боп жүр. Керек болса той басқарып, асаба атанып, әртүрлі кештерде жүргізуші боп жүр. Осыдан 5 жыл бұрын жобам болған, сонда ресейліктермен бірлесіп іс атқардық. Оларға осындай жағдайды айтқанда таңқалды. Өйткені, Ресейде әмбебап боп жан бағу жоқ. Сырт елдерде актер тек өз шығармашылығымен айналысады. Басқаға уақыт кетірмейді. Демек, актерлік төлемақы актерге жеткілікті. Ал бізде мүлдем олай емес. Тек қана актерлік жолмен жүрсең аш қаласың. Соның үшін де өзге салаларды қатар алып жүрміз. Егер осы аталған мәселе оң шешімін тауып жатса, жөн болар еді.

Әлемдегі шығармашылық процесс мүлдем басқа. АҚШ, Еуропа сияқты дамыған елдерде адам саны, киноорталықтар, кинотеатрлар көп. Сонымен қатар, шетелде әлем бойынша прокат жасалады. Сондықтан да қаржының мөлшері аса үлкен. Табысты болғандықтан актерлерге мол гонорар төлейді. Ал Қазақстанда нәбәрі 20 миллион адам саны бар. Соған қарамастан көбірек қаржы тауып жатады. Білуімше, әйгілі өнер иелері Олжас Абай мен Дариға Бадықованың «Таптым-ау сені» фильмдері 2 миллиард теңгеге дейін табыс тапты. Сондай табыстар әлі де бар. Ол жағын продюсерлер көріп жатыр. Ал актерлер мол табысқа кенелді деп айта алмаймыз. Егер келісім-шарт жасасқанда гонорардан бөлек, актерге кинопрокаттан 2-3% бөлсе, дұрыс болар еді. Бұл актерлерге зор мотивация береді. Сондай-ақ, продюсер үшін де жақсы. Осындай үйлесімді жұмыс болса кино сәтті шығады.

## Әлемге танылу үшін ауқымды жұмыс керек

## – Отандық өнер жұлдыздары неге дүние жүзін бағындырмайды?

– Бұлай басып айтуға болмайды. Біз бұған дейін Ресей, Қырғызстан, Өзбекстанмен бірге жұмыс істедік. Егер Америка Құрама Штаттарын айтатын болсақ, онда ағылшын тілін білу керек болады. Ал айналамыздағы мемлекеттерді айтар болсақ, образ келіп тұрса, кастингке шақырып, іріктейді. Өзім Өзбекстанның «Барон-2», «Үш қаһарман» атты фильмдеріне түстім. Сол сияқты жұмысты бағалап көреді, ұнап жатса шақырады. ТМД елдеріндегі ахуал ұқсас. Тек қана Ресейде жағдай жақсы. Шетелге танылу үшін білгір мамандармен бірлесіп атқаратын ауқымды жұмыс керек.

## – Шетелдік прокатқа қазақ кинолары неліктен шықпайды?

– Негізгі шетелдіктерді қызықтыру үшін шетелдік танымал актерлерді отандық кинокартиналарға қосу керек. Себебі, шетелдік өз актерін танып кинотеатрларға барады. Сонда ғана Қазақстан мен сырт елдерде прокат жасалады.

Hollywood актерлері дүние жүзіне танымал. Олар кез келген киноға түссе де, көрермен көреді. Өйткені, оның атағы жер жарып тұр. Бізде сол шетелге танылу жағынан мықты емес. Орталық Азияда соның ішінде адам саны 36 миллионды құрайтын Өзбекстанда кинотеатрларға көрермен көп келмейді. Бұрын ала шапанды ағайын киноға көп барған деседі. Ал Қырғызстанда халық аз болса да көрерменнің қызығушылығы басым. Сондай нюансты түйтіскілер бар. Сонымен бірге, сол елдің менталитетіне

қатысты дүниелерді енгізу керек. Сонда ғана тартымды дүние шығып, халықты қызықтырады.

## Отбасыма көбірек көңіл бөлемін

## – Өнер адамының отбасын сақтауы қиын деседі. Сіздіңше солай ма?

– Бұл нәрсені жоққа шығара алмаймыз. Әр өнер адамы бұндай жағдаятты басынан кешіреді. Қазір отбасымда үш балам бар. Бұрын өнерге бойдақ кезде уақыттың – 80%-ын арнай алсақ, бүгінде жанұялы болған соң – 30–40% ғана көңіл бөлеміз. Бұл арада өнер мен отбасын қатар ұстау керек болады. Өзім балалы болуды көп армандағаннан кейін, әкелік бақыт пен жауапкершілікті сезінгім келді. Үйленіп, балалы болған соң, уақытымның біраз бөлігін бала-шағама арнаймын. Олай болатыны, бала кезімде өзіме сол нәрсе жетпеді. Сондықтан көңілімдегі бос қуысты толтырайын деймін, ұлдарыммен ойнап, үйге көңіл бөліп жүрмін. Десе де, әркімнің өз таңдауы бар. Киноға, актерлікке, жүргізушілікке қатысты жұмыстарды уақытылы аяқтап, жанұяма асығып тұрамын. Осылай жұмыс пен үйдің арасындағы қарбаласта әрі қызықты кезеңдерде жүріп жатырмыз.

Қазір бір түйткілді мәселе орын алған. Алматы сияқты ірі қалаларда қазақтың балалары қазақша сөйлей бермейді. Ата-анасымен де орысша сөйлеседі. Тек қана әке шешесі қазақша тілдесуі мүмкін, алайда бала тілі орысша шыққаны қынжылтады. Бұған әсер етуші фактор – ғаламтор. Барша контент орысша. Сол себептен, балалар орыс тіліне бейімделіп барады. Бұл – дұрыс емес! Кез келген ата-ана міндетті түрде балаларына қазақшаны үйретуі керек. Бүгін оны ескермей, үйретпесе ертең кеш болады. Есейгенде ол бала қазақша үйренеді дегенге сенбеймін. Ержеткенде тұрмыспен араласып жүріп уақыт та болмайды, қазақша керек емес деген ой пайда болады. Сондықтан бала кезден қазақша сөйлеуге бейімдеу қажет. Біздің отбасымызда міндетті түрде қазақша сөйлеуге талап қойылады. Апасы, анасы және мен әкесі балалармен қазақша сөйлейміз. Мегаполисте өмір сүрген соң, орыс тілін қоғамдық ортадан, смартфоннан-ақ үйреніп алады.

## Ортақ мәміле маңызды

## – Отбасында қазақтың жігіттері анасы мен әйелінің арасындағы түрлі жағдаяттарда қалып қояды. Мұны қалай реттеуге болады?

– Қазақ халқында «әр үйдің сыры басқа» дейді. Отбасында түрлі оқиға орын алады. Әркімнің өзінің көңіл күйі, тәрбиесі бар. Бұл арада нақты кесіп айту қиын. Ер адам анасы мен келіншегінің арасын жалғаушы көпір. Ортақ мәміле керек. Бір мәселе туындап қалса, өзара сөйлесіп шешуге тырысқан жөн болар. Ана – үлкен кісі. Қатты сөйлеп қалсаң көтере алмай, ренжіп қалуы мүмкін. Сондай шақта көп нәрсеге мән бермеуге тырысу керек шығар. Мейлінше, отбасымен бірге уақыт өткізіп, қуанышты сәттерді орнатуға тырысқан абзал. Бұл жерде нақты методика бар деп айта алмаймын.

## Өнер жолында көзім ашылды

## – Өнерге келіп не көріп, не түйдіңіз?

– Өнер жолына 25 жасымда келіп, көзім ашылды деп айта аламын. Бұған дейін кім боларымды білмедім. Қандай мамандық иесі болу керектігін түсінбедім. Әйтеуір балалық шақта анамыз ұрыспасын деп мектепті 4 пен 5-ке оқуға тырыстық. Одан кейін университетке грантқа түсуді көздедік. Сондай оймен әрекет еткеніміз бар. Ең негізгісі, бала кезден таңдауға көмектесу керек сияқты. Баланың қабілетін, ынтасын, икемін ескеру қажет. Осылайша баланы бағыттаған абзал. Егер актер болатынымды ертерек түсінгенде, мектеп кезден белсенді болатын едім, көңілді тапқырлар кештеріне қатысып, шығармашылықты пысықтап ашар едім. Дегенмен, қазіргі жағдайға да көптен көп шүкіршілік етемін!

Өнерде ұққаным – алдын ала кім болатыныңды түсіну керек екен. Сол нәрсе саған ұнауы керек. Ал өзің ұнатқан саланы құштарлықпен жақсы көрсен, нәтиже шығады. Сонда ғана өз ісінде табысқа жетесің.

Әңгімелескен  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МАМАН КЕҢЕСІ

ЕРТЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ –  
толық жазылу мен ұзақ ремиссия кілті



Тамақ тұсының ауыруы, түйін бар секілді сезіну, дауыстың қарлығы – алғашында бұл жәй ғана тұмау сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, дәл осындай белгілер бас және мойын ісіктерінің алғашқы көріністері болуы мүмкін. Алматы онкологиялық орталығының онколог-дәрігері Самал ТОЙЫНБЕКОВА осылай дейді.

– Науқастар көбіне бізге ісік бастапқы ошағынан тыс жерлерге тарап кеткен кезде келеді. Ал ол кезде тым кеш болып қалуы мүмкін. Сондықтан мұндай белгілер пайда болғанда, маманға мүмкіндігінше ертерек қаралу қажет, – дейді онколог.

**Алаңдауға негіз болатын белгілер:**


- тамақтың жиі ауыруы;
- жұтынғанда қиналу;
- дауыс тембрінің өзгеруі (2-3 аптадан ұзап кетсе);
- мойындағы лимфа түйіндерінің ісінуі немесе ұлғаюы;
- салмақ жоғалту, әлсіздік.

Ерте диагностика – толық жазылу мен ұзақ ремиссияның кілті. Дәрігерлер қазіргі заманғы әдістер бас және мойын ісіктерін ерте сатысында тиімді емдеуге мүмкіндік беретінін айтады.

ТРАНСПЛАНТАЦИЯ

КЕРАТОПЛАСТИКА

Алматыда жанарсыз екі пациентке көз алмасы сәтті салынды



Алматыда алғаш рет Орталық қалалық клиникалық аурухана базасында офтальмология меңгерушісі Гүлзат Әбдірамова көз алмасын алу операциясын сәтті жасады.

Бұл басқа екі пациентке кератопластика арқылы ота жасауға, яғни көздің қабығын транспланттауға мүмкіндік берді. Операциялар сол күні жүргізіліп, сәтті өтті.

Мөлдір қабықты транспланттаудың ерекшелігі – оны алып тастағаннан кейін қысқа мерзімде, ең дұрысы – бірінші күні бірден транспланттау керек. Әйтпесе, тіндер қасиетін жоғалтып, транспланттауға жарамсыз болып қалады.

«Пациенттерде кератопатия буллозасы және мөлдір қабықтың бұлыңғырлығы болды, яғни құрылымы бұзылған, ісіну мен көпіршіктер (буллалар) пайда болатын ауыр мөлдір қабық ауруы, бұл толық соқырлыққа дейін көру қабілетінің қатты төмендеуіне әкеледі. Патологияны емдеудің жалғыз түпкілікті әдісі – мөлдір қабықты транспланттау. Орталық

қалалық клиникалық аурухана дәрігерлерінің жоғары біліктілігінің арқасында екі пациент те көру қабілетін қалпына келтіруге және толыққанды өмірге оралуға мүмкіндік алды.

Донор геморрагиялық инсультпен Орталық қалалық клиникалық ауруханаға түскен пациент болатын. Екі күннің ішінде оған ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің хаттамаларына сәйкес толық көлемде медициналық көмек көрсетілді, дәрігерлік консилиумдар өткізілді.

Мамандардың барлық күш-жігеріне қарамастан, пациенттің өмірін сақтап қалу мүмкін болмаған. Пациенттің қайтыс болғаннан кейін ағзаларының донорлығына ресми келісімі болды, сондай-ақ оның жақын туыстары жазбаша түрде рұқсатын берген екен. Сөйтіп, бір адам өмірден озғанымен, екінші адамға өмір сыйлап кетті.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

СЕГІЗ САУСАҚПЕН ТУҒАН БАЛА

«зергерлік» отаның арқасында толыққанды өмір сүруге мүмкіндік алды



Алматыдағы №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында аяқ-қолдың туа бітті және жүре пайда болған кемістіктерінің зардабын тартып келе жатқан балаларға реконструктивтік оталар жасалды.

«Санкт-Петербург қаласынан шақырылған хирург Сергей Голянный жетекшілігімен өткен «шеберлік сабағы» барысында қазақстандық балаларға 8 күрделі ота жасалды. Ресейдің атақты пластикалық хирургі тағы 20 кішкентай пациентке орай дәрігерлік кеңес беріп, отандық әріптестерімізге микрохирургия саласындағы озық әдістемелер жөнінде лекциялар оқыды. Бұл іс-шараның Қазақстандағы балалар микрохирургиясын дамытуға қосар үлесі зор», – деп атап



өтті №2 ҚБКА директоры Марат Рабандияров. Күрделі операциялардың бәрі МӘМС қаражаты есебінен жасалды. Пациенттердің ең


кішісі 1 жаста. Бала 8 сау-сақпен туған. Полифалангия деп аталатын кемістік салдарынан өсіп келе жатқан баланың қолындағы артық саусақтар ойыншықтарды ұстап, алақанын ашып-жұмуға кедергі келтіріп келеді. Міне, осы балдырғанға дәрігерлер

отаны зергерлік шеберлікпен орындап, оған толыққанды өмір сүруге мүмкіндік сыйлады. «Біз үшін бұл керемет жаңалық болды. Осындай отаны Алматыда, тегін жасатамыз деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмеген еді», – дейді анасы.

СЕМИНАР

ИНСУЛЬТ:

алдын алудан – оңалтуға дейін



Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында «Инсульт: алдын алудан – оңалтуға дейін» деген тақырып шеңберінде халықаралық оқыту семинары өтті.

Оған невролог, кардиолог, реаниматолог және өзге де сала мамандары қатысып, инсульт пен оған ілеспе ауруларды емдеудің заманауи тәсілдерін талқылады. Семинарда басты баяндаманы АҚШ-тан келген профессор, Оклахома университеті Неврология кафедрасының оқытушысы әрі инсульт орталығының меңгерушісі Евгений Сидоров жасады. Ол инсульттің жіті кезеңі мен коматоз


жағдайдағы науқастарды басқару бойынша халықаралық ұсынымдарды ұсынып, тромболитикалық терапияның уақытылы жүргізілуі емнің басты факторы екенін атап өтті. Ал семинардың модераторы – отандық дәрігер Айгүл Құдайбергенова постинсульттік бұзылыстар мен оңалтудың қазіргі әдістеріне тоқталып, халықаралық хаттамалардың қазақстандық жүйеге енгізілу тәжірибесін бөлісті. Семинардың екінші бөлігінде профессор Сидоров постинсульттік ауырсыну мен спастикалық жағ-

дайларды емдеудің заманауи тәсілдерін таныстырды. Жиын «Инсульттан кейінгі коморбидті науқасты басқару: невролог пен кардиологтың көзқарасы» атты ашық сұхбатпен аяқталды. Соңында қатысушылар ашық пікірталас өткізіп, күрделі клиникалық жағдайларды талқылап, тәжірибе алмасты. Аталған семинар инсультпен күрестегі кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға, дәрігерлердің тәжірибесін тереңдетуге бағытталған маңызды алаңға айналды деп атап өтті сарапшылар.

СӘТТІ ОТА

ТРИХОБЕЗОАР

Жасөспірімнің ішінен 1,5 келіге жуық шаш шықты



Алматының Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирургтары күрделі ота жасап, 14 жастағы қыздың өмірін сақтап қалды.

Науқастың іш қуысында дамыған іріңді-қабыну үдерісі жедел жәрдеммен жеткізілген соң анықталған. Жасөспірімді шұғыл түрде отаға дайындаған. Операция кезінде хирургтар асқазан мен ішекке дейін созылған тығыз түзілісті – трихобезоарды анықтап, оны толықтай алып тастады. Бұл зат – ұзақ уақыт бойы жұтылған шаш пен шырыштан құралған тығыз масса. Ол асқазанда жиналып, ақыры тесік жара мен перитонитке алып келген.

– Трихобезоар көбіне психоэмоционалдық бұзылыс аясында дами-ды. Бұл жағдайда бөгде заттың көлемі өте үлкен болғандықтан, жедел хирургиялық көмек қажет болды, – дейді ота жасаған хирург Асқар Ризванов.

Жасөспірімнің ішінен шыққан трихобезоардың, яғни шаштың салмағы шамамен 1,5 келіні құрайды. Оның көлемі мен тығыздығы медицина мамандарының өзін де таңқалдырды. Бүгінде науқас толық оңалып, үйіне шығарылды.

Бетті әзірлеген

Нұржамал ӘЛІШ.





ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-879 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 8 маусымдағы № 44.1-44.06/1737-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Индустриялық аймақтың аумағын кеңейту үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Алғабас» шағынауданында орналасқан 2 (екі) жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін;
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
  - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
  - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
  - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-879 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| P/c № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері               | Жер учаскесінің ауданы, га | Жер учаскесінің иеліктен шығарылатын ауданы, га |
|-------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------|-----------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------------|
| 1     | «Gold Aquarium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                       | 20-321-066-262    | «Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 142/3 учаске | 43,9324                    | 0,0197                                          |
| 2     | «Gold Aquarium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                       | 20-321-066-262    | «Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 142/3 учаске | 43,9324                    | 1,1667                                          |
| 3     | «Gold Aquarium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                       | 20-321-066-262    | «Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 142/3 учаске | 43,9324                    | 0,0015                                          |
| 4     | «Gold Aquarium» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                       | 20-321-066-262    | «Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 142/3 учаске | 43,9324                    | 0,0381                                          |
| 5     | «Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамы                             | 20-321-067-047    | «Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 130 үй       | 510,7459                   | 0,1401                                          |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-880 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 19 наурыздағы №34.6-34.03/709СІ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Төле би көшесін узарту үшін Алматы қаласының Әуезов және Наурызбай аудандарындағы Төле би көшесінің бойында, Яссауи көшесінен Алматы қаласының шекарасына дейін орналасқан 25 (жиырма бес) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін;
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
  - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
  - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
  - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

|    |                                                                                    |                                  |                                                            |                                                  |
|----|------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|
| 4  | Тасыбаева Кульзаянат Черимовна                                                     | 20-322-004-860                   | «Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 28                 | 0,0600                                           |
| 5  | Пак Аделана                                                                        | 20-322-003-159<br>20-312-951-026 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Байкен Әшімов көшесі, 2Г         | 0,0912                                           |
| 6  | Пак Аделана                                                                        | 20-322-003-160                   | «Қалқаман-2» шағынауданы, Байкен Әшімов көшесі, 2В учаске  | 0,1068                                           |
| 7  | Абишев Нурлан Болатович, Исмухамедова Шолпан Касымбековна                          | 20-322-003-373                   | «Шұғыла» шағынауданы, Сұраншы батыр көшесі, 75А            | 0,0400                                           |
| 8  | Илахунов Абдугапар Сабирович                                                       | 20-322-003-454                   | «Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 129                    | 0,1000                                           |
| 9  | Отегулова Айнур Рашитхановна                                                       | 20-322-003-527                   | «Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 123                    | жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0006  |
| 10 | Овчаренко Любовь Павловна, Овчаренко Оксана Викторовна, овчаренко Богдан Романович | 20-322-003-539                   | «Шұғыла» шағынауданы, Сұраншы батыр көшесі, 83             | жалпы-0,1200 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0270  |
| 11 | Петров Андрей Анатольевич, Петрова Юлия Юрьевна                                    | 20-322-002-005                   | «Шұғыла» шағынауданы, Кәукен Кенжетеев көшесі, 55          | жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0011  |
| 12 | Аралбаев Кабдылхамит Ильясович, Нурмағанбетова Аскен Кабышевна                     | 20-322-002-027                   | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 51             | жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0060  |
| 13 | Джумаев Аркенжан Курбанджанович                                                    | 20-322-002-1064                  | «Шұғыла» шағынауданы, Тарғап көшесі, 43                    | 0,0800                                           |
| 14 | Артыкбаева Надежда Абдуллаевна, Артыкбаев Нурлан Абдрахманович                     | 20-322-002-1130                  | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/1 учаске     | 0,0056                                           |
| 15 | Досымбеков Кенес Жарасович                                                         | 20-322-002-1140                  | «Шұғыла» шағынауданы, Кәукен Кенжетеев көшесі, 60/1 учаске | 0,0476                                           |
| 16 | Джайлыханова Тазегүл Коанбаевна                                                    | 20-322-002-1161                  | «Шұғыла» шағынауданы, уллица Кәукен Кенжетеев, 51 учаске   | 0,1020                                           |
| 17 | Избакиев Шаукет Пидрахметович                                                      | 20-322-002-1198                  | «Шұғыла» шағынауданы, Әшірбек Сығай көшесі, 49             | жалпы-0,0437 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0036  |
| 18 | Накбаева Гулназ Бекежановна                                                        | 20-322-002-1207                  | «Шұғыла» шағынауданы, Тарғап көшесі, 33 учаске             | жалпы-0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0016  |
| 19 | Рысбекова Айгүль Елнуровна                                                         | 20-322-002-1244                  | «Шұғыла» шағынауданы, Тарғап көшесі, 43/1 учаске           | 0,0800                                           |
| 20 | Орынтаева Алмагүль Биримтаевна                                                     | 20-322-002-231                   | «Шұғыла» шағынауданы, Әшірбек Сығай көшесі, 56             | 0,1000                                           |
| 21 | Абишева Назипа Парамурзаевна                                                       | 20-322-002-301                   | «Шұғыла» шағынауданы, Тарғап көшесі, 45                    | 0,1000                                           |
| 22 | Садвакасова Зарина Нурмаковна, Амиров Абзал Шакирович                              | 20-322-002-926                   | «Шұғыла» шағынауданы, Тарғап көшесі, 54                    | 0,0500                                           |
| 23 | Артыкбаева Надежда Абдуллаевна, Артыкбаев Нурлан Абдрахманович                     | 20-322-001-062                   | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/26 учаске    | 0,4126                                           |
| 24 | «Qazaq Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                 | 20-322-001-108                   | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/6 учаске     | жалпы-12,3320 иеліктен шығарылатын ауданы-2,6113 |
| 25 | «Hyp City Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                             | 20-322-001-119                   | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/11 учаске    | жалпы-2,2299 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0109 |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-881 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 34.1-34.03/1032-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2000 орындық салынып жатқан мектепке кіреберіс жол салу құрылысы үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Теректі» шағынауданында орналасқан 3 (үш) жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
  - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
  - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
  - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

| Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі |                                                                            |                   |                                                      |                                                  |
|-----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|
| P/c №                                                           | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері                      | Жер учаскесінің ауданы, га                       |
| 1.                                                              | Эйбов Садыр Фиязович, Эйбова Роза Пашаевна                                 | 20-321-070-899    | «Теректі» шағынауданы, КАЗМИС орамы, 31/29 учаске    | жалпы -0,0586 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0113 |
| 2.                                                              | Эйбов Садыр Фиязович, Эйбова Роза Пашаевна                                 | 20-321-070-850    | «Теректі» шағынауданы, Таусамалы көшесі, 1/46 учаске | жалпы -0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0131 |
| 3.                                                              | Эйбов Садыр Фиязович, Эйбова Роза Пашаевна                                 | 20-321-070-923    | «Теректі» шағынауданы, Таусамалы көшесі, 1/35 учаске | жалпы -0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0133 |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-882 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 29 қаңтардағы №35.1-35.02/593-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қар балқыту пунктінің құрылысы үшін, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысы (оңтүстік-шығыс) мекенжайында орналасқан 7 (жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
  - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
  - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
  - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-882 қаулысына қосымша

| P/c № | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|-------|-------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------|----------------------------|
| 1     | ««АвтоЛэнд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                        | 20-311-023-448    | Байзақов көшесі, 2 А            | 0,1717                     |
| 2     | «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі               | 20-311-023-188    | Райымбек даңғылы, 192/1         | 0,0042                     |
| 3     | Хиянбарова Хаджар                                                       | 20-311-023-347    | Байзақов көшесі, 2 Ж            | 0,0386                     |
| 4     | Оразымбетова Гүлжахан Шалкарровна                                       | 20-311-023-135    | Байзақов көшесі, 2 К            | жалпы-0,0546 үлесі-0,0149  |
| 5     | Ковалёв Александр Васильевич                                            | 20-311-023-135    | Байзақов көшесі, 2 К            | жалпы-0,0546 үлесі-0,0175  |
| 6     | Яхьярова Тамарахан                                                      | 20-311-023-135    | Байзақов көшесі, 2 К            | жалпы-0,0546 үлесі-0,0125  |
| 7     | Абишева Мейрамгүль Умбетжановна                                         | 20-311-023-135    | Байзақов көшесі, 2 К            | жалпы-0,0546 үлесі-0,0097  |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-883 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 шілдедегі № 34.1-34/1158-и хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Тілендиев көшесін узарту үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін орналасқан 120 (жүз жиырма) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
  - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
  - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
  - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Жалғасы 12-бетте



Басы 11-бетте.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 27 маусымдағы  
№2/262-883 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| P/c<br>№ | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі               | Жер учаскесінің орналасқан жері                     | Жер учаскесінің ауданы, га                  |
|----------|-------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------|
| 1        | Кахарманова Мұқарям, Камалов Музапар                                    | 20-321-003-064                  | «Дархан» шағынауданы, Сабатаев көшесі, 22           | жалпы-0,1325 үлесі-0,0593                   |
| 2        | Камалова Сарбар Музапаровна, Навирдинов Арзужан Азатжанович             | 20-321-003-064                  | «Дархан» шағынауданы, Сабатаев көшесі, 22           | жалпы-0,1325 үлесі-0,0278                   |
| 3        | Камалов Шұхрат Музапарович, Ильева Халида Ташболатовна                  | 20-321-003-064                  | «Дархан» шағынауданы, Сабатаев көшесі, 22,          | жалпы-0,1325 үлесі-0,0454                   |
| 4        | Амиркулов Мадияр Талғатович                                             | 20-321-003-248                  | «Дархан» шағынауданы, Тайқазан көшесі, 20           | жалпы-0,0950 үлесі-0,0550                   |
| 5        | Сейітбай Асқар Нұрқасымұлы                                              | 20-321-003-253 (20-314-903-253) | «Дархан» шағынауданы, Тайқазан көшесі, 18           | 0,0931                                      |
| 6        | Суалир Рустам Дауевич                                                   | 20-321-003-378                  | «Дархан» шағынауданы, Тайқазан көшесі, 17           | 0,0823                                      |
| 7        | Саидов Мурат Борисович                                                  | 20-321-003-411                  | «Дархан» шағынауданы, Жалағаш көшесі, 1             | 0,0877, иеліктен шығарылатын ауданы -0,0428 |
| 8        | Кенесхан Әсем Кенесханқызы                                              | 20-321-003-433                  | «Дархан» шағынауданы, Тайқазан көшесі, 22/1         | 0,0266                                      |
| 9        | Естаев Абзал Куанышбекович, Естаева Лалагуль Кенесхановна               | 20-321-003-435 (20-314-903-435) | «Өжет» шағынауданы, Өтемісов көшесі, 3/8            | 0,0667                                      |
| 47 | Әбдіраман Гүлназ Ыбырайқызы | 20-311-041-027 (20-314-016-027) | Есентай көшесі, 34 | жалпы-0,0253 үлесі-0,0177 |
|----|-----------------------------|---------------------------------|--------------------|---------------------------|

реттік нөмірі 53 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                                                                            |                                 |                     |        |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|---------------------|--------|
| 53 | Гребенникова Лидия Владимировна, Гребенников Алексей Федорович, Зикратова Любовь Федоровна | 20-311-041-044 (20-314-016-044) | Моңғол көшесі, 14 А | 0,0335 |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|---------------------|--------|

реттік нөмірі 55 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                          |                                 |                    |        |
|----|--------------------------|---------------------------------|--------------------|--------|
| 55 | Хамитов Равиль Анварович | 20-311-041-050 (20-314-016-050) | Моңғол көшесі, 32А | 0,0477 |
|----|--------------------------|---------------------------------|--------------------|--------|

реттік нөмірлері 62, 63, 64, 65 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                |                                 |                     |                                        |
|----|--------------------------------|---------------------------------|---------------------|----------------------------------------|
| 62 | Есикбаева Раушан               | 20-311-041-060                  | Моңғол көшесі, 39 А | жалпы-0,0393 үлесі-0,0058 үлесі-0,0059 |
| 63 | Сманов Сырым Молдалиевич       | 20-311-041-060                  | Моңғол көшесі, 39 В | жалпы-0,0393 үлесі-0,0138              |
| 64 | Рогожкина Галина Юрьевна       | 20-311-041-063 (20-314-016-063) | Моңғол көшесі, 33   | 0,0429                                 |
| 65 | Кенгирбаева Айгүль Дюсембаевна | 20-311-041-066 (20-314-016-066) | Есентай көшесі, 47  | 0,0148                                 |

реттік нөмірі 67 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                    |                |                    |                           |
|----|------------------------------------|----------------|--------------------|---------------------------|
| 67 | Абселемова Казижамал Хайруллиновна | 20-311-041-070 | Есентай көшесі, 42 | жалпы-0,0486 үлесі-0,0200 |
|----|------------------------------------|----------------|--------------------|---------------------------|

реттік нөмірі 71 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |               |                |                      |                                           |
|----|---------------|----------------|----------------------|-------------------------------------------|
| 71 | Зекки Стефано | 20-311-041-082 | Есентай көшесі, 57 Б | 0,0716 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0050 |
|----|---------------|----------------|----------------------|-------------------------------------------|

реттік нөмірі 73 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                |                                 |                    |                           |
|----|--------------------------------|---------------------------------|--------------------|---------------------------|
| 73 | Салихова Людмила Александровна | 20-311-041-088 (20-314-016-088) | Есентай көшесі, 50 | жалпы-0,0326 үлесі-0,0137 |
|----|--------------------------------|---------------------------------|--------------------|---------------------------|

реттік нөмірлері 79, 80, 81 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                                |                                 |                            |                           |
|----|------------------------------------------------|---------------------------------|----------------------------|---------------------------|
| 79 | «Sinooil» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 20-311-041-118 (20-314-016-118) | Райымбек даңғылы, 192      | 0,1593                    |
| 80 | Ахунджанова Рызван Ахметовна                   | 20-311-041-131 (20-314-016-131) | Моңғол көшесі, 49, 2 пәтер | жалпы-0,0741 үлесі-0,0451 |
| 81 | Ахунджанова Силим Махамедовна                  | 20-311-041-131 (20-314-016-131) | Моңғол көшесі, 49          | жалпы-0,0741 үлесі-0,0290 |

реттік нөмірі 83 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                 |                                 |                   |        |
|----|---------------------------------|---------------------------------|-------------------|--------|
| 83 | Мендыгалеева Сауле Кенжебековна | 20-311-041-152 (20-314-016-152) | Моңғол көшесі, 22 | 0,0367 |
|----|---------------------------------|---------------------------------|-------------------|--------|

реттік нөмірі 98 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                                               |                |                             |                           |
|----|---------------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------|---------------------------|
| 98 | Абайдуллаев Дильшат Махамедович, Абайдуллаева Ольга Андреевна | 20-311-041-192 | Есентай көшесі, 65, 1 пәтер | жалпы-0,0577 үлесі-0,0086 |
|----|---------------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------|---------------------------|

реттік нөмірлері 106, 107 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                               |                |                             |                           |
|-----|---------------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------|---------------------------|
| 106 | Абайдуллаев Дильшат Махамедович, Абайдуллаева Ольга Андреевна | 20-311-041-192 | Есентай көшесі, 65, 1 пәтер | жалпы-0,0577 үлесі-0,0086 |
|-----|---------------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------|---------------------------|

|     |                              |                                 |                   |                                        |
|-----|------------------------------|---------------------------------|-------------------|----------------------------------------|
| 106 | Амраева Зухрахан Аблимитовна | 20-311-041-206 (20-314-016-206) | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0053              |
| 107 | Амраев Турсунжан Аблимитович | 20-311-041-206 (20-314-016-206) | Моңғол көшесі, 39 | жалпы-0,0469 үлесі-0,0106 үлесі-0,0053 |

реттік нөмірлері 111, 112, 113, 114, 115 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                                                 |                                 |                              |                           |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|------------------------------|---------------------------|
| 111 | Адаричев Алексей Александрович                                                  | 20-311-041-215                  | Моңғол көшесі, 27            | жалпы-0,0242 үлесі-0,0161 |
| 112 | Адаричев Павел Александрович                                                    | 20-311-041-215                  | Моңғол көшесі, 27            | жалпы-0,0242 үлесі-0,0081 |
| 113 | Сеитов Нилходжа Назарович                                                       | 20-311-041-217 (20-314-016-217) | Есентай көшесі, 50Б, 1 пәтер | 0,0193                    |
| 114 | Абдикаримов Джаксылык, Мамытбеков Жигер Жарасович, Сарсенбаев Баурджан Асанович | 20-311-041-222 (20-314-016-222) | Моңғол көшесі, 45, 1 пәтер   | жалпы-0,0576 үлесі-0,0367 |
| 115 | Сагалбаев Ерлан Ерисович                                                        | 20-311-041-222 (20-314-016-222) | Моңғол көшесі, 45            | жалпы-0,0576 үлесі-0,0209 |

реттік нөмірі 118 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                          |                |                              |                           |
|-----|--------------------------|----------------|------------------------------|---------------------------|
| 118 | Мамаев Нуржан Утегенович | 20-311-041-225 | Есентай көшесі, 24, 1 корпус | жалпы-0,0338 үлесі-0,0164 |
|-----|--------------------------|----------------|------------------------------|---------------------------|

реттік нөмірі 124 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                             |                                 |                   |                           |
|-----|-------------------------------------------------------------|---------------------------------|-------------------|---------------------------|
| 124 | Мергенбаев Мейрбек Адилбекович, Төлеген Балауса Аманбекқызы | 20-311-041-275 (20-314-016-275) | Моңғол көшесі, 34 | жалпы-0,0799 үлесі-0,0447 |
|-----|-------------------------------------------------------------|---------------------------------|-------------------|---------------------------|

реттік нөмірі 130 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                                                                    |                                 |                   |                                        |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-------------------|----------------------------------------|
| 130 | Абдрахманова Бақытгуль Баккожаевна, Бектурарова Каусар Қайратбековна, Бектурар Қайсар Қайратбекұлы | 20-311-041-300 (20-314-016-300) | Моңғол көшесі, 51 | жалпы-0,0700 үлесі-0,0191 үлесі-0,0048 |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-------------------|----------------------------------------|

реттік нөмірі 136 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                               |                                 |                        |        |
|-----|-------------------------------|---------------------------------|------------------------|--------|
| 136 | Кокебаева Гульнар Төлепбаевна | 20-311-041-343 (20-314-016-343) | Мақтаев көшесі, 145/56 | 0,0408 |
|-----|-------------------------------|---------------------------------|------------------------|--------|

реттік нөмірі 141 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                                  |                |                     |                                           |
|-----|------------------------------------------------------------------|----------------|---------------------|-------------------------------------------|
| 141 | Ледовских Ирина Александровна, Ледовских Александр Александрович | 20-311-041-367 | Есентай көшесі, 57В | 0,0668 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0023 |
|-----|------------------------------------------------------------------|----------------|---------------------|-------------------------------------------|

реттік нөмірі 153 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                          |                |                   |        |
|-----|--------------------------|----------------|-------------------|--------|
| 153 | Глебова Мария Валерьевна | 20-311-041-431 | Моңғол көшесі, 21 | 0,0296 |
|-----|--------------------------|----------------|-------------------|--------|

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

|     |                          |                |                   |        |
|-----|--------------------------|----------------|-------------------|--------|
| 153 | Глебова Мария Валерьевна | 20-311-041-431 | Моңғол көшесі, 21 | 0,0296 |
|-----|--------------------------|----------------|-------------------|--------|

Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №2/262-776 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №2/262-776 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

|    |                             |                |                             |                           |
|----|-----------------------------|----------------|-----------------------------|---------------------------|
| 1. | Аманбеков Алжапар Серикович | 20-313-029-231 | Джандарбеков көшесі, 124 үй | жалпы 0,0612 үлесі 0,0265 |
| 2. | Долматов Сергей Сергеевич   | 20-313-029-231 | Джандарбеков көшесі, 124 үй | жалпы 0,0612 үлесі 0,0347 |

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 мамырдағы №2/262-776 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық меңлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-418 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысын жою туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес. «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 42.1-42.09/601-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

## РЕСМИ БӨЛІМ



alatauaqparat@gmail.com

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-889 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                |                |                                                |                            |
|----|--------------------------------|----------------|------------------------------------------------|----------------------------|
| 2. | Султанов Хаджимурат Сайдатович | 20-311-041-478 | Сейфуллин даңғылы, 469/1, тұрғын емес үй-жай 2 | жалпы-0,0481 үлесі -0,0112 |
|----|--------------------------------|----------------|------------------------------------------------|----------------------------|

2) 2024 жылғы 29 ақпандағы № 1/1-86 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 19 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                                            |                |                                   |        |
|-----|----------------------------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------|--------|
| 19. | Липихин Александр Иванович, Лапшина Вера Ивановна, Липихин Сергей Иванович | 20-315-029-736 | 9-шы Кирпичнозаводская көшесі, 10 | 0,0555 |
|-----|----------------------------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------|--------|

3) 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 2/225-263 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасы реттік нөмірі 29 жолымен келесі редакцияда толықтырылсын:

|     |                                                                                     |                |                   |                               |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------|----------------|-------------------|-------------------------------|
| 29. | Гойколова Любовь Николаевна, Гойколов Александр Павлович, Гойколов Алексей Павлович | 20-315-028-545 | Манаев көшесі, 55 | жалпы - 0,0897 үлесі – 0,0463 |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------|----------------|-------------------|-------------------------------|

4) 2024 жылғы 27 маусымдағы № 2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы: реттік нөмірі 4 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|    |                                 |                |                                                  |        |
|----|---------------------------------|----------------|--------------------------------------------------|--------|
| 4. | Бозтериева Гульнара Алимбековна | 20-322-007-447 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Айбергенов көшесі, 180 | 0,0800 |
|----|---------------------------------|----------------|--------------------------------------------------|--------|

реттік нөмірі 44 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                      |                |                                               |        |
|-----|------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------------------|--------|
| 44. | Қасанов Тофик Топоевич, Қасанова Наргиза Латившаевна | 20-322-007-142 | «Қалқаман-2» шағынауданы, Бекежанов көшесі, 9 | 0,0728 |
|-----|------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------------------|--------|

реттік нөмірі 49 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                              |                |                                        |        |
|-----|------------------------------|----------------|----------------------------------------|--------|
| 49. | Қанджарбек Тамирлан Берікулы | 20-322-007-752 | «Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 21 | 0,1000 |
|-----|------------------------------|----------------|----------------------------------------|--------|

реттік нөмірлері 61, 62 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                      |                |                                                 |        |
|-----|------------------------------------------------------|----------------|-------------------------------------------------|--------|
| 61. | Сманова Лира Аккоилиевна, Альжанов Ержан Жайшылкович | 20-322-008-418 | «Шұғыла» шағынауданы, Еңбек көшесі, 1 линия, 15 | 0,0900 |
| 62. | Кузембекова Асель Бекмуратовна                       | 20-322-008-469 | «Шұғыла» шағынауданы, Береке көшесі, 67 учаске  | 0,1000 |

реттік нөмірі 64, жолы алынып тасталсын; реттік нөмірі 67 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                                        |                |                                   |        |
|-----|--------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------|--------|
| 67. | Қасанов Тельман Усеинович, Қасанова Фидана Тавабировна | 20-322-008-801 | «Шұғыла» шағынауданы, 2134 учаске | 0,2031 |
|-----|--------------------------------------------------------|----------------|-----------------------------------|--------|

реттік нөмірі 95 жолы алынып тасталсын; реттік нөмірі 96 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|     |                                |                |                                    |        |
|-----|--------------------------------|----------------|------------------------------------|--------|
| 96. | Жумагулова Жанат Маулысеитовна | 20-322-001-107 | «Шұғыла» шағынауданы, 317/5 учаске | 0,6792 |
|-----|--------------------------------|----------------|------------------------------------|--------|

реттік нөмірі 106 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|      |                                                   |                |                                                  |        |
|------|---------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------|--------|
| 106. | «Нұрлаб-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестік | 20-322-001-133 | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/44 | 0,0373 |
|------|---------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------|--------|

5) 2024 жылғы 29 тамыздағы № 3/373-1788 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»: аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 6 жолы алынып тасталсын.

6) 2024 жылғы 29 тамыздағы № 3/373-1791 «Мемлекет мұқтажы үшін жер уч



# «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

## 2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [aqshamnews.kz](http://aqshamnews.kz) сайтынан да оқыңыздар!

## «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)** 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 5 айға – 3067,00 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)** 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 5 айға – 6578,10 (кала), 4017,00 (ауыл) теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)** 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 5 айға – 1967,00 теңге

**Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

### Құрметті оқырмандар!

«**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

### ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ТҰРҒЫНДАРҒА ТЕГІН КЕҢЕС

**№6 Оқушылар үйінде Түркісіб ауданының тұрғындары өз құқығын қорғау мен түрлі заң бұзушылықтың алдын алу үшін біраз мәліметке қанықты. Шындығында, көптеген азамат мемлекеттік органдармен байланыс орнатпай, заңсыздықтың құрбанына айналып жатады.**



Рая  
ЕСКЕНДІР

Оқушылар үйіне жиналған аудан тұрғындары прокуратура, полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу департаменті мен әкімдік өкілдерінен құралған жылжымалы топпен кездесті. Арнайы топ мүшелері тұрғындарға тегін құқықтық қызмет көрсетіп, құқық қорғауға қатысты кеңес берді.

– Мен ауданда «Заң мен тәртіп» апталығы аясында тегін құқықтық көмек алуға болатынын ести сала келіп отырмын. Басты мәселем – көршіме қатысты. Осы аудан аумағында орналасқан екі қабатты үйде тұрамын. Төменгі қабаттағы көршіміз баспалдақтың астынан өзіне қойма ашып, бүкіл жерді қоршап алды. Бұл көршілердің жүріп-тұруына қолайсыздық туғызып, кедергі келтіріп отыр. Айтқан уәжімізге құлақ салмайды. Енді заңға жүгінуге мәжбүрміз, – дейді осы ауданның тұрғыны Гүлжан Сейітжаппарова.

Міне, құқықтық мәселеге қатысты даудың басы осылай болып кете береді. Тұрғындар тарапынан ұры-қары, маскүнемдік, алаяқтық сияқты мәселелерге қатысты сауалдар жолданды. Сонымен қатар, жиынға құқықтық, қаржылық секторлардың мамандары, сарапшылар, аудандық әкімдік мамандары қатысып, тегін кеңес берді.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ырысбек СӘКЕНҰЛЫ, Түркісіб ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік құқық бөлімі басшысының міндетін атқарушы:**

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында арнайы акция ұйымдастырып отырмыз. Жалпы, қала көлемінде өтіп жатқан акцияның негізгі мақсаты – заңның үстемдігін нығайту. Заңды бұзып, тәртіпке бағынбағандарды тезге салу жолын үйрету. Осылайша қоғамда орын алатын заңсыздықтың алдын алу. Әрине, қоғамдағы құқық бұзушылық пен заң бұзушылықтың алдын алсақ, тұрғындардың да заңға деген құрметі, сауаттылығы арта беретін болады. Ендігі мақсатымыз – алдағы уақытта да осы үрдісті жалғастырып, тұрғындарға тегін кеңес беретін боламыз.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Алматы қ. ҚДСБ №8 қалалық клиникалық ауруханасы» ЖШС Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды, конкурс өткізілетін орны: 050011, Алматы қаласы, Ақан сері көшесі, 36 А.**

**Ұйымдардың негізгі қызметі** – медициналық қызмет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

- 1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

**Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:**

- 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
  - 2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
  - 3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
  - 4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

**Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: КР, 050011, Алматы қаласы,

**Түркісіб ауданы, Ақан сері көшесі, 36 А, ұялы тел.: +7 701 711 42 99.**

**Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 1 шілде.**

**Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 1 тамыз.**

**Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2025 жылғы 1 тамыз.**

## Жол қозғалысы ережелерін сақтау – әркімнің міндеті!

Жол-көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басым бағыттардың бірі болып қала береді. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, жол-көлік оқиғаларының саны, әсіресе жол қозғалысына қатысушы осал топтардың қатысуымен болатын апаттар алаңдаушылық тудыруда.

2025 жылдың 5 айында Алматы қаласында 2968 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Нәтижесінде 3507 адам зардап шекті, оның ішінде 768-і – кәмелетке толмағандар, 35 адам қаза тапты, оның 4-еуі – балалар.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жол-көлік оқиғалары 28,2%-ға өскен.

2025 жылдың 5 айындағы негізгі жол-көлік оқиғаларының түрлері: соқтығысу – 1184, жаяу жүргіншіні қағу – 1241, жолаушының құлауы – 269 және т.б.

Жол апаттарының мән-жайларын талдау көптеген жағдайда жол қозғалысы ережелерінің сақталмауы апаттардың негізгі себебі екенін көрсетіп отыр. Бұл ережелерді көлік жүргізушілерімен қатар, жаяу жүргіншілер, мопед жүргізушілері, велосипедшілер және жеке қозғалыс құралдарын (электросамокат және т.б.) пайдаланушылар да елемей жатады.

Қазіргі таңда жол қозғалысы көпкомпонентті сипатқа ие болды. Қатысушылар қатарын енді тек көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер ғана емес, сондай-ақ электросамокат, мопед және басқа да механикалық құралдарды пайдаланушылар толықтырды. Мұндай жағдайда барлық қатысушылардың ережелерді сақтауын қамтамасыз ету аса маңызды.

• **Көлік жүргізушілері** жылдамдық режимін, жаяу жүргінші өтелінен өту және жол қиылыстарынан өту ережелерін қатаң сақтауы тиіс, білім беру мекемелерінің маңында, тұрғын үйлердің жанында және жаяу жүргіншілер көп жүретін аумақтарда аса мұқият болуы қажет.

• **Жаяу жүргіншілер** жолды тек арнайы белгіленген жерлерден өтуге, бағдаршам белгілеріне бағынуға және жол жағдайын ескеруге міндетті. Әсіресе, жолда уялы телефон қолдану сияқты бейқам әрекеттер жарақат алу деңгейіне тікелей әсер етеді.

• **Мопед пен электросамокат** қолданушылар жол қозғалысының толыққанды қатысушылары екенін түсінуі керек. Олар жол ережелерін сақтап, рұқсат етілмеген жағдайда тротуар мен жолға шықпауға, сондай-ақ қозғалыс кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолдануға тиіс, әсіресе жоғары жылдамдықпен жүргенде.

Кәмелетке толмаған балаларға қатысты ата-аналық бақылаудың маңызы зор. Электросамокат сияқты құралдарды басқару тек жас ерекшелігіне сай және қажетті білім болған жағдайда ғана рұқсат етілуі тиіс.

Қауіпсіз жол ортасын қалыптастыру – барлық қатысушылардың саналы әрі жауапты әрекетінің нәтижесі. Жолда әртүрлі топтардың мүдделерін қарсы қоюға жол берілмеуі керек – жол баршаға ортақ кеңістік, ал ондағы қауіпсіздік әр адамның тәртібіне тікелей байланысты.

Барлық жол қозғалысына қатысушыларды жол ережелерін қатаң сақтауға, бір-біріне құрметпен қарауға және жеке жауапкершілік деңгейін арттыруға шақырамыз. Тек бірігіп әрекет еткенде ғана басты мақсат – азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау – мүмкін болады.

**Д.Б.РАХМЕТОВА,**

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Есхат БОЖАН**  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)  
тел: 293-08-25

### Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

### ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

**«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:**  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70**  
**телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз**



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**

**«Alatau Aqparat» ЖШС.**

E-mail:

[alatauqparat@gmail.com](mailto:alatauqparat@gmail.com)

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



## ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫ

Маржан ЖҰБАНЫШ:

«ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ҚАЗАҚША ӘН АЙТЫП,  
ҚАЗАҚША ОЙЛАСА ДЕЙМІН»

Қазақша контенттерімен танымал Tynzhy cartoon деген арна бар. Алматылық жас режиссер-аниматор Маржан ЖҰБАНЫШТЫҢ жобасы. Өнер көгінде қазақы туындыларымен, ерекше қолтаңбасымен қанат жайып келе жатқан ол аз уақыт ішінде «Бәс», «Бәрінен де сен сұлу», «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін», «Балалы үй – базар», «Сауға», «Қошақан», «Жалқаубек», «Қуырмаш» сынды мультфильмдер түсірді. Жас аниматордың мақсат-мүддесін білмекке әңгімеге тартқан болатынбыз.

Нұржамал  
ӘЛІШ

– Маржан, Tynzhy cartoon арнаңызда қазақша балалар өлеңдеріне ерекше мән беріп жүрсіздер. Дәл осы бағытты таңдауға не себеп болды?

– Біз ең алдымен балаларымыздың қазақша сөйлеп, қазақша ойлағанын қалаймыз. Өйткені, балаға тіл – ойыншық секілді. Егер оған тілді қызықты мультфильммен, әнмен ұсынып үйретсең, ол тез қабылдайды. Баланың тілі өз ана тілінде шығуы үшін контент қажет.

Бір қуантарлығы, YouTube арнамызды көретіндердің саны күн сайын өсіп келеді. Қазір жазылушыларымыздың саны 13 000-ға жуықтап қалды. Бұл бізге үлкен күш береді. Біздің арнамызда «Қошақан», «Бақа-бақа балпақ», «Жалқаубек», «Қуырмаш» сияқты өлеңдерге мультфильмдер жасадық. Бұлар – қазақтың дәстүрінде бала тәрбиелеудің негізгі құралы деп білемін.

– Осы өлеңдер туралы қысқаша айтып өтсеңіз. Негізгі мақсаты қандай?

– Біздің арнадағы өлеңдердің барлығы – қазақтың ұмытылып бара жатқан халық әндері. Соларды жаңа заманға лайықтап, балаларға жеткізуді мақсат еттік.



«ҚОШАҚАН» – бала кезімізден жаттап өскен өлең. Біз бұл өлеңді жаңа аранжировкамен, әуенін тартымды етіп жасап, балаларға қызықты қылуға тырыстық. Балалар қошақанның қимылын көріп, қуанып, бірге билеп кетеді.

«БАҚА-БАҚА БАЛПАҚ» – сұрақ-жауап үлгісіндегі өлең. Бұл өлең арқылы балалар ойлануды, жауап табуды, тіл үйренуді меңгереді. Әннің әуенін жеңіл әрі есте қалатындай етіп арнайы студияда жаздыдық.

«ЖАЛҚАУБЕК» – тәрбиелік мағынасы зор өлең. Онда жалқау бала туралы айтылады. Біздің видеода Жалқаубек сабақ оқығысы келмей, ұйықтай береді. Сыныптастары «Әй, әй, Жалқаубек!» деп ән салып, оны еңбекке шақырады. Бұл арқылы балаларға еңбекқор болудың маңызын жеткіземіз.

«ҚУЫРМАШ» – қазақтың саусақ ойыны. Аналарымыз бізді алдына отырғызып, алақанымызға саусақпен «Қуыр-қуыр-қуырмаш!» деп өлең айтып беретін еді. Біз сол өлеңді жаңартып, балалардың есінде қалатын, дәстүр үзілмейтін нұсқасын жасадық. Әр саусақтың атауын, қимылын мультфильм арқылы үйретеміз.

– Ата-аналардың пікірі қандай?

– Көбі: «Сіздің өлеңдеріңізден кейін балаларымыз күні бойы айтып жүреді, күнде «Қошақанды» қойшы деп сұрайды!» деп жазады. Ал кейбірі Instagram-дағы жеке парақшама да хабарласады. «Тағы да өлеңдер түсіріңіздерші! Біздің балалар қайта-қайта көргісі келе береді. Контент көп болса керемет болар еді. Сіздің суреттеріңіз сондай тартымды!» деп пікір қалдырады. Осы пікірлер бізге қанат бітіреді. Демек, еңбегіміз зая емес деген сөз.

– Tynzhy cartoon-ның түпкі миссиясы не?

– Арнамыздағы әр видео арқылы үш маңызды нәрсені жеткізгіміз келеді. Біріншісі, тіл сақталса – ұлт сақталады. Біз балаларға жеңіл әрі түсінікті мультфильмдер жасап, қазақ тілінің дамуына үлес қосып жүрміз. Екіншісі, Ұлттық код мультфильмде тұр. Қошақан, бақа, жалқаубек, қуырмаш – бәрі де қазақ дүниетанымынан алынған кейіпкерлер. Үшіншісі, баланы тәрбиелеу мультфильмнен басталады.

Біздің видеолар тек көңіл көтеру үшін емес. Олар баланың мінезін қалыптастыруға, еңбекқор, ізденімпаз болуға баулиды.

Мен әрдайым қазақ баласының құлағы қазақ әнімен ашылсын, бала қазақша сөйлесін, қазақша күлсін деп жүремін. Бұл – біздің миссиямыз.



Tynzhy cartoon балалардың рухани шырағына айналып келеді. Жас аниматор, режиссер Маржан Жұбаныш бұл арнаны қазақ тіліндегі сапалы контенттің аздығын сезініп, өрендердің игілігі үшін деп ашқан болатын. Нәтижесі жаман емес. Қазақтың қошақаны, бақасы, жалқаубегі мен қуырмашы мультфильм арқылы қайта тіріліп, жаңа заман баласының жүрегіне жол тапты. Қазақ баласы қазақша ән айтып, қазақша ойнасын десек, осындай жобаларды қолдау – бәріміздің ортақ міндетіміз.